

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ



ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ
АЙТЖАНОВА РОЗА
ЕРАЛИЕВА ТОЛҚЫН
ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП
АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ
БЕЙСЕМБАЕВА КЕНЖЕ
ИНГАЙБЕКОВА ТОЛҚЫН
ҚЫЯҚБАЕВА ҰЛБОСЫН ҚОЗЫБАЕВНА
АЙБЕРГЕНОВА САЛТАНАТ
ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
БЕКМАҒАМБЕТОВА РОЗА

КАРПЫКОВНА
ДЕМЕУОВА ЛЯЗЗАТ
НҰРМАХАНҚЫЗЫ,
СЕРЖАНҚЫЗЫ ЖАНСАЯ
САИПОВ А.А
МҰРАТБАЕВА Г.А.
САЙДАХМЕТОВА Л.Т.
ҚОҢЫРБАЕВА С.
САДЫКОВА МАРИЯШ
ХАСЕНОВА ЖУМАГУЛ
ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ
ҮСЕНБЕК РАХМЕТ



ISBN
978-605-68667-5-3

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ

ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ
АЙТЖАНОВА РОЗА
ЕРАЛИЕВА ТОЛҚЫН
ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП
АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ
БЕЙСЕМБАЕВА КЕНЖЕ
ИНГАЙБЕКОВА ТОЛҚЫН
ҚЫЯҚБАЕВА ҰЛБОСЫН ҚОЗЫБАЕВНА
АЙБЕРГЕНОВА САЛТАНАТ ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
БЕКМАҒАМБЕТОВА РОЗА КАРПЫКОВНА
ДЕМЕУОВА ЛЯЗЗАТ НҰРМАХАНҚЫЗЫ,
СЕРЖАНҚЫЗЫ ЖАНСАЯ
САИПОВ А.А
МҰРАТБАЕВА Г.А.
САЙДАХМЕТОВА Л.Т.
ҚОҢЫРБАЕВА С.
САДЫКОВА МАРИЯШ
ХАСЕНОВА ЖУМАГУЛ
ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ
ҮСЕНБЕК РАХМЕТ



ISBN

978-605-68667-5-3

**Institution Of Economic Development And Social
Researches Publications®**

(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)

TURKEY TR: +90 342 606 06 75

USA: +1 631 685 0 853

E posta: kongreiksad@gmail.com

www.iksad.org

www.iksadkongre.org

kitabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications - 2018© ISBN – 978-605-68667-5-3

ISBN

978-605-68667-5-3

МАЗМҰНЫ

**ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ
АЙТЖАНОВА РОЗА
ЕРАЛИЕВА ТОЛҚЫН
ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП**
ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ
4

**АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ**
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДАНУ ҮДЕРІСІ
18

**БЕЙСЕМБАЕВА КЕНЖЕ
ИНГАЙБЕКОВА ТОЛҚЫН**
ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ
29

**ҚЫЯҚБАЕВА ҰЛБОСЫН ҚОЗЫБАЕВНА
АЙБЕРГЕНОВА САЛТАНАТ ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
БЕКМАҒАМБЕТОВА РОЗА КАРПЫКОВНА
ДЕМЕУОВА ЛЯЗЗАТ НҰРМАХАНҚЫЗЫ,
СЕРЖАНҚЫЗЫ ЖАНСАЯ**
М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ТӘЛІМ ТӘРБИЕ
42

САИПОВ А.А

МҰРАТБАЕВА Г.А.

ОРХОН ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ – РУХАНИ-
АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ
ҚҰРАЛЫ

54

САЙДАХМЕТОВА Л.Т.

ҚОҢЫРБАЕВА С.

ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ
ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

65

САДЫКОВА МАРИЯШ

ХАСЕНОВА ЖУМАГУЛ

МЕКТЕП ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ ШАРТТАРЫ
ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

73

ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ

ҮСЕНБЕК РАХМЕТ

ЖАСТҮРІКТЕРДІҢ БІЛІМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

84

ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ

Қоңырбаева Сараш
Айтжанова Роза
Ералиева Толқын

Бұл күнде дамудың алдыңғы қатарында боламыз деп айта беретін межемізді айқындайтын жаһандану процесінің өзіндік қатерлері бар екендігі жасырын емес. Соның бастысы – ұлтты жоғалтпау. Жер бетіндегі адамзат баласының өз туыстығына, мекен етуіне, бірлесіп шаруашылық, еңбек етулеріне сай топ-топ, қауым-қауым болып өмір сүріп, заманының тарихи даму кезеңдерінен соң, тілі, өмір салты, сенімі, қорғанатын жаулары ортақ ұлттар мен ұлыстарға, рулар мен аталастарға бөлінгендігін қисынды түсінікке сай қабылдаймыз. Адамзатқа түскен кітаптарда да бұл жөнінде пікірлер бар. «**Әй, Адам баласы! Күмәнсіз сендерді бір ер, бір әйел ретінде жараттық, сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, ұлыстар қылдық**». Түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құран сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз керек.

ҰЛТ – бабалар тарихынан үзілместей тек тартқан, рухани үндестігі бар, кескін-кейпі мен әдет-дағдыларына дейінгі ұқсастығы саналы қалыптасқан, мәдениеті мен тілі, өсіп-өркендер нақты мекені бар адамдардың қауымдастығы.

«Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол - МӘҢГІЛІК ЕЛ», - деді Елбасы.

Осы жолдауда атап көрсетілген ұлттық идея біздің ұлттық идеологиямызға негіз болуы тиіс. Бұрын ұлтқа қатысты орындалмай жатқан мәселелердің бәрін ұлттық идеяның жоқтығынан деп ойлаушы едік. Енді халқымыз үшін, ұрпағымыз үшін, болашағымыз үшін жалтақтайтын мәселеге негіз болардай «Мәңгілік ел» идеясын тірек етеміз.

Демек, ұлттық тәрбиеде басшылыққа алардай қандай мемлекеттік құжаттар бар?

“Интеллектуалды ұлт – 2020” ұлттық бағдарламасы

«Мәңгілік ел» – ұлттық идеясы

«Ұлы дала елі» – балама атау идеясы

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға, жауапкершілік алуға үйретуі. Себебі, әрбір жеке адам, ең алдымен, өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып, жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеу қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық

болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Халық педагогикасы, қазақ этнопедагогика ұлттық тәрбиесі тақырыбы аясында көптеген ғылыми еңбектер қорғалып, монографиялар мен оқулық-оқу құралдары шықты. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, С.Ғаббасов, Р.Дүйсембінова, т.б. ғалымдарды атап айтуымызға болады.

Ұлттық тәрбиеге негіз болатын – ұлттық құндылықтар. Бұл жөнінде дала ойшылдарынан бастап, би-шешен, жырауларымыз, ақын-жазушыларымыз да тәрбие мектебіне дидактикалық материал болатын идеяларын шығармаларында айтып отырды. Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым», Мұхтар Шахановтың «Төрт ана», Мұхтар Арынның «Бес анық» сияқты дамыта келіп, жасалған ғылыми тұжырым.

1. Ұлттың басты құндылықтары – жері, халқы, тілі, тарихы.

2. Ұлттық нышандары – Ту, Герб, Гимн.

3. Ұлттық мәдениеті – өнер түрлері, салт-дәстүрі, ерекшеліктері және т.б.

4. Дала ойшылдары мен қазақ зиялыларының өнегелі іс-әрекеттері мен сөздері, т.б. жатады.

1-кесте. Ұлттық құндылықтар жүйесі.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	Л	ТІ	Қарым-қатынас, байланыс, дискурс, т.б.
	Н	ДІ	Сенім, наным, құран, хадис, шариғат, неке, ахлак, фиһк, ақида, сиар, т.б.
	Л	ДІ	Тұрмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым, т.б.
	АРИХ	Т	Отанға қатысты: оқиғалар, көтерілістер, төңкерістер, замана ағымымен даму, т.б.
	ҰҚЫҚ	Қ	Заң, ереже, жарғы, мұрагерлік, мирасқорлық, т.б.
	НЕР	Ө	Сөз өнері, саз өнері, қол өнері, сәулет өнері, бейнелеу, кескін, т.б.
	ҒАРТУ	А	Тәрбие, әлеуметтендіру, білім, ғылым.

Тәрбие жұмысы — бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған ересектер мен балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

Мектептің тәрбие жұмысын жүйе ретінде өзара байланысқан блоктар түрінде көрсеткенде, төмендегіше көрініс береді (1-сурет):



1-сурет. Мектептің тәрбие жұмысының құрылымы

Қазақ мектептеріндегі тәрбие жұмысы, аты айтып тұрғандай өзіндік ұлттық ерекшелігімен, жаңашылдығымен айшықталуы керек. Яғни, қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңашылдық:

— білім беру мазмұнындағы ұлттық құндылық;

— оқу-тәрбие үдерісінде; әдістерінде; технологиясында; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда; шағын жинақты мектептің басқару жүйесінде көрініс табуы керек.

— Оқытудың сабақтан тыс шығармашылық түрі арқылы: пән апталығы, түрлі байқаулар, зияткерлік олимпиадалар, турнирлер, марафондар. экскурсия және т. б.

— Клубтық және үйірмелік іс-әрекеттер арқылы: ұлттық сана қалыптастыру орталықтары, ұлттық драмалық-музыка үйірмелері, ұлттық дүниетаным қалыптастыратын үйірмелер;

— Кітапханаларға, мұражай, театрларға, көрмелерге жүйелі және үзбей бару арқылы жүзеге асады.

1. Сынып ішінде жүргізілетін тәрбие жұмыстары.

2. Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары: а) клуб, үйірмелерде жүргізілетін тәрбие жұмыстары; ә) сынып аралық тәрбие жұмысы болып екіге бөлінеді.

3. Қоршаған ортаға ізгілік қарым-қатынасын және жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

4. Жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік негіздерді қалыптастыруда адамгершілік сезім, адамгершілік сана, ерік, ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады.

5. Жеке тұлғаның ішкі қажеттілігі бойынша өзін-өзі жетілдіруді қалыптастыру.

Сыныптың тәрбие жүйесі

Сыныптың тәрбие жүйесі – бұл сыныптағы оқушылардың әрекеті мен дамуына жағымды, қолайлы жағдай қалыптастыратын, ықпал ететін өзара қарым-қатынастар мен тәсілдердің кешені.

Тәрбие жүйесі не үшін қажет?

Тәрбие жүйесін қолдану тәрбие үдерісінің мақсатқа сәйкес, басқарылатын, нәтижелі, тиімді болып қалыптасуына әсерін тигізеді. Тәрбие үдерісінің рөлі білім беру жүйесі үшін өте маңызды.



2-сурет. Тәрбие жүйесінің кешенділігі

Тәрбие жүйесін құруда ескерілетін жайттар:

- оқушылардың қызығушылығы, қабілеті, қажеттілігі ;

- педагогикалық ұжымның мүмкіндігі (мектеп қандай әрекет түрлерін ұйымдастыра алады), шығармашылық әлеуеті (потенциалы);

- кез-келген ата-ананың білім мен тәрбиенің нәтижесіне мүдделілігі болуы.

Тәрбиенің негізгі педагогикалық ұстанымдары:

1. Сынып ұжымының жалпы тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін міндеттерді шешуде сынып жетекші мен оқушылардың біріккен серіктестігі.

2. Тұлғаның жеке-дара маңызды қасиеттерін тәрбиелеу: патриотизм, ұлтжандылық, жауапкершілік, қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік .

3. Рухани, жан-тәнімен жұмыс істеу, адамгершілікті қалыпты жағдай ретінде қабылдау .

4. Оқушыларды мәңгілік басым (жалпыадамзаттық) құндылықтарға бағыттау. Олар: Отан, отбасы, адам, білім, еңбек, мәдениет, бейбітшілік, табиғат, адамгершілік, ақиқат, сұлулық т.б.

Ұлттық тәрбие жүйесінің негізгі қағидалары:

- әр балаға көңіл бөлу;
- ұлттың, қоғамның қажетіне сай басымдылықтарды пайдалану;
- көпшілік қатыса алатын қоғамдық тәрбиені орнату;
- ұлттық тәрбие беретін тәрбие субъектілерін тарту;
- ата-аналардың ұлттық тәрбие үйренетін университетін ұйымдастыру;
- ұлттық мәдени орталықтарын, этноауыл құру;
- ана тілде сөйлеу, салт-дәстүрді сақтау, имандылық тәрбиесіне көңіл бөлу, т.б.

Тәрбие жүйесінің аса маңызды, айқындалған 5 компоненті:



3-сурет. Тәрбие жүйесінің маңызды компоненттері

1. жеке дара-топтық; (жеке ерекшелігі, ата-тегі, шежіресі, әулеті, ауылы, т.б.)


2. құндылық-бағдарлы (ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие бағдарламалары, ата мектебі, әже мектебі, әкелер мектебі, клубтар, ұлттық өнерге арналған үйірмелер, ұлттық спорт секциялары, ата кәсіпке қатысты)

3. атқарымдық-әрекеттік: жеке оқушы, сынып, мектеп ұжымы мен отбасы, әлеуметтік орта, аулалық клуб, елді мекен әкімшілігі

4. кеңістіктік-уақытты (білім беру кеңістігіндегі тәрбиенің кезеңдермен даму мүмкіндігі, әр оқушының тәрбиелік мүмкіндігі мен топтың, сыныптың, ұжым тәрбие жұмыстарының жүйелі және уақытқа бағынуы, жоспарлау: перспективалық, стратегиялық, т.б.)

5. диагностикалық-нәтижелілік (Ұлттық тәрбие беру жүйесінің нәтижелік көрсеткіштері; нәтижесін анықтаудың әдісі мен тәсілдері)

Тәрбие жүйесінің қалыптасып, дамуында келесі 4 кезеңді атауға болады:



13

4-сурет. Тәрбие жүйесінің даму кезеңдері

1-кезең – **жүйені жобалау** (бұл кезеңде сынып оқушыларының қызығушылығын, қабілетін, мінез-құлқын, т.б ерекшеліктерін зерттеу жұмысы атқарылады);

2 кезең – **жүйенің қалыптасуы** (бұл кезеңде оқушылардың өзара қарым-қатынастарының қалыптасып, ұжымдық бірлікті сезінуіне бағытталған бірлескен әрекеттерге ерекші мән беріледі, сыныптың жеке дәстүрлері қалыптасады.);

3 кезең – **жүйенің тұрақты жұмыс істеуі** (өзіндік бастаманы, өз бетімен әрекет етуді дамыту, қабілеттерінің дамуына қолайлы орта қалыптастырылады);

4 кезең – **жүйе жұмысын аяқтау немесе қайта жаңарту** (бұл жерде екі бағыт болуы мүмкін: бірі сыныптағы ең үздік әрекеттің, әдістің барлық мектептің игілігіне айналуы; екіншісі – жаңа әдіс, әрекет, тәсілдерді табу арқылы сынып тіршілік-әрекетін жаңарту).

Тәрбие мақсаты: Жан-жақты үйлесімді дамыған, әлеуметтік бағытталған, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаны (ұлт субъектісін) тәрбиелеу

Әртүрлі жастағы мектеп оқушылары үшін басты әлеуметтік құзыреттілік негізіндегі тәрбие мақсаттары төмендегі кесте бойынша ұарастырылған.

2-кесте.	Оқушылардың	әлеуметтік
құзыреттіліктері		

Әлеуметтік құзыреттілік-тер	1-4 сынып	5-7 сынып	8-9 сынып	10-11 сынып
Танымдық	Қызығушылық, құмарлықты дамыту	ымдық қызығушылық, ықыласындамыту	Танымдық белсенділікті дамыту	Танымдық белсенділікті қалыптастыру
Қоғамдық	Мектеп пен отбасына сыйластықты дамыту	Адамдарға сыйластықты, қадірлеуді дамыту	Қоғам мен билікке құрметті дамыту	Азаматтық ұстанымын қалыптастыру
Еңбек	Еңбекке қызығушылық дамыту	Еңбексүйгіштік дамыту	Еңбекке қажеттілікті дамыту	Кәсіби өз орнын табуға дайын болу қабілетін қалыптастыру
Экологиялық	Табиғатқа ұқыпты қарауды дамыту	Экологиялық сауаттылықты дамыту	Экологиялық мәдениеттілікті дамыту	Табиғи қажеттілікті, мұқтаждықты шешуді қалыптастыру
Көркемдік	Сұлулық сезімін дамыту, баулу	Көркемдік талғамды дамыту	Көркемдік мәдениеттілікті дамыту	Ақиқатқа, болмысқа көркемдік қарым-қатынасты қалыптастыру
Жеке-дара	«Мен адаммын» ұғымын дамыту	«Мен тұлғамын» ұғымын дамыту	Өзін-өзі және өзара сыйластықты дамыту	Жеке дара және дүниеге көзқарасын қалыптастыру арқылы өз болмысын анықтау және өзін-өзі тәрбиелеу.

15

Мектептің тәрбие жүйесі мемлекеттік тәрбие бағдарламалары мен басты құжаттарын негізге ала отырып жасалған арнайы тәрбие тұжырымдамасымен жүзеге асады да білім беру мекемесіне қатысты, ықпалды арнайы ұйымдар мен ұжымдар, жекелеген бастамашыл топтар жұмылдырылады. Демек, жүйешелердің негізінде жүйе құралып, белгілі мақсатта құрылым бойынша жұмыс жасайды.

3-кесте. Ұлттық тәрбие жүйесінің маңызды құрамы:

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ		
(Ақсақалдар алқасы)		
ӘКІМШІЛІК	МЕКТЕП ҰЖЫМЫ	Б А Қ
Қоғамдық тәрбие	Арнайы тәрбие	Әлемдік тәрбие
Отбасы тәрбиесі	Мектептің тәрбие жүйесі	Телеарналар
Ата педагогикасы	Сыныптағы тәрбие жүйесі	Газет-журналдар
Әже педагогикасы	Ұжымдық	Ғаламтор
Әке тәрбиесі	Топтық	Әлеуметтік желілер
Ана тәрбиесі	ұжымдық	Ұялы телефон қосымшалары
Кішіге үлкен тәрбиесі		Еркіндік тәрбиесі

Ұлттық тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру шарттары:

16

- Тәрбие тұжырымдамасы мен тәрбие бағдарламаларының аясында мектептің мүмкіндігіне сай тәрбие жұмыстарын жүргізетін өзара байланысты жүйе құру;

- Ұлттық құндылықтарға негізделген авторлық бағдарламаларды тәрбие жұмыстарында басшылыққа алу.

- Ұлттық тәрбие беру мүмкіндігі бар тәрбие субъектілерін мектепке (кеңесшілікке, ақылдастар алқасына, клуб, мектеп, секция, үйірме жүргізуге) тарту;

- Отбасында ұлттық тәрбие берілуі үшін ата-аналар университеттері арқылы білім беруді ұйымдастыру;

- Жергілікті жердің ұрпақ тәрбиесіне ықпал етер мүмкіндігін ескере отырып, тәрбие жұмыстарын (еңбек жұмыстарына көмектестіру, экскурсия ұйымдастыру, кен орындарымен байланыс, ата кәсіпті насихаттау) жоспарлау;
- Әрекет пен шаралардың жүйелілігі үшін барлық мүмкіндіктерді ескеру;
- Жеке оқушының қабілеті мен тұлғалық ерекшеліктерін мақсатты, жүйелі, үздіксіз дамыту;
- Тәрбиелік шараларды: ұлттық және мемлекеттік мерекелер, жергілікті кәсіби меркелерді тойлаудың дәстүрлілігін сақтау;
- Жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдерінің әртүрлілігі, өткізу, насихаттау, нәтижесін бақылау мен бағалау, салыстыру.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІ

**Абдирасилова Г.Қ.
Адилхан А.М.**

Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік білім танымдық ролі зор.

Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерінің сан ғасыр бойы өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрді, адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ

тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі – отбасы.

Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Әлем елдерімен қабырғасын теңестіруді меже етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді деген сенім мақсатымызға айналып отырғандай. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу.

Адам баласы еш уақытта тек қазіргі күнімен ғана өмір сүре алмайды. Өткенін пайымдап, сондағы асыл мұра-жауһарларын мақтан тұтып, оны өзге жұрттың алдына паш етеді. Тарихын түгендеп ұстаған елдің болашағы да бекем болатыны сондықтан. Осы негізге салып қарасақ, бізге ең алдымен түркілер тарихындағы ортақтыққа маңыз берген орынды. Ілгері замандағы тәжірибеден білетініміз, бір халық екіншісіне өктемдік жасап, жойғысы келсе, алдымен оның тарихын бұзады.

Алыстан іздемейік, кеңестік дәуірдің өзінде орыс пен батыстың құраған тарихы көп тықпаланды, түркінің санасынан ықылыммен сабақтастығын үзуге қатысты саясат жүрді. «Өткен тарихың тұлдыр, тарих сенде емес – мұнда, осымен жүрген жөн» деп, біздің түбірімізді өшіргісі келді. Кез келген этнос басқаға үстемдік ету үшін алдымен сол басқаның тарихын жоққа шығару арқылы санаға билік жүргізіп алады да, қалғанын біртіндеп жасайды.

Мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа

өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар.

Ресейге отар ел болып тұрғанымызда «туған ұлт», «ұлттық», «ұлтшылдық», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің «жасампаз» интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін.

Ұлттық тарихи санамызды жаңғырту арқылы ұлттық рухымызды көтеру үшін керек. Жаңғырту бағытындағы қажеттілер қатарында саналатын қадау-қадау дүниелер де жеткілікті.

Астанамызда бой көтерген «Қазақ елі» мемориалдық кешенінің негізгі мазмұн-мағынасы - киелі атқа ие болған сәулет өнерінің жаңа туындысына зер салып қараған адам, одан еліміздің сан ғасырлық тарихын, ұлтының болашағы жолында қасық қаны мен күш-жігерін аямаған ұлы перзенттерін, халықтың асыл мұратын терең сезініп қана қоймайды, сонымен бірге ұрпақтар байланысын, қазақ елінің кешегісі, бүгінгісі және ертеңгісін айғақтайтын уақыт үндестігінің белгілерін де аңғарар еді. Сондықтан да, бұл ескерткіштің өкшебасар ұрпақты ізгілікке, отансүйгіштікке, елдік биік санаға тәрбиелеуде маңызы аса зор болатынына сеніміміз кәміл.

«Қазақ елі» монументі өткен күнді көз алдымызға елестетумен бірге келешек жайлы да ой қозғайды.

Жаһандану – ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылшынша «*Global*» сөзі - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) - жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени, ақпараттық тұтастыққұрылуының үрдісі.

Терминді ғылыми айналымға алғаш рет енгізген (1983 жылы) америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді.

«Жаһандану» терминінің пайда болуын 1985 жылы осы түсінікті талқылаған американ социологының атымен байланыстырады.

Жаһандану - бұл жеке елдердегі халықаралық мәні бар әр түрлі факторлардың жалпы өсу әрекетінің әлеуметтік шындыққа қатынасының үрдісі (мысалы, экономикалық және саяси байланыстар, мәдени және ақпараттық алмасу).

Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде.

Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік,

әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда.

Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Сондықтан Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес. Тағы да қайталап айтудың реті келіп тұр, батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу.

Жаһандану - қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы.

Оған:

- коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану;

- жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы;

- адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады;

- байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы;
- ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті,
- өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру;
- өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау жүреді.

Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сiңiре алғанда ғана осынау қауiптiлеу болып көрiнетiн құбылыстың игiлiгiн көредi. Егер жаһандануды ұлттық мемлекеттiк болмысқа икемдей алмасақ, оның ықпалына түсiп алып, жалаң елiктеуге ұрынатын болсақ, онда мемлекет те, сол мемлекеттi жасап отырған ұлт та геосаяси тобырға айналып, рухани жаулаушы өркениеттiң құлақкестi құлы болып қала бередi.

Бiздiң ойымызша, оның ең тиiмдi үлгiсi – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазiргi кезеңде әлемнiң әр түкпiрiнде өткiр қойыла бастаған ең өзектi жайдың бiрi – осы ұлттық тәрбие мәселесi болып отыр. Ұлттық тәрбиенiң ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуi. Бұлай дегенде әрбiр жеке адам ең алдымен өзiнiң белгiлi бiр ұлттың мүшесi екенiн iштей терең сезiнiп, санада сiлкiнiс жасауы керек екенiн, содан кейiн барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгiлеуi қажеттiгiн сiңiруi болса керек. Бұл жерде негiзгi әңгiме арқауы мемлекетшiлдiк, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткенi, бiздiң төлтума бiтiмiмiздi, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау

машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектілік ресурстарымен тығыз байланысты.

Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстын, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады

Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету.

Ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр,

ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады. Одан басқа жаһандану жағдайындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, толеранттық-төзімділік қасиеттер де ұлттық тәрбие дәрістерінде көрініс табуы тиіс деп ойлаймыз.

Қысқаша айтқанда, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

- Ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу;

- қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру;

- бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін

жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу;

- білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету;

- қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани- мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін

қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Кез келген ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарытуда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына бір ұлағатты сөзі бағдаршам болмақ: «Еліннің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намыс болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа».

Бүгінгі жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды, оның жаңа ұрпағын қалыптастыруда интеллектуалдық секіріс сөзсіз қажет. Олай болса, сол интеллектуалдықтың өзі ұлттық тәрбиемен келетін жеміс екенін ұмытпағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілешов Е. Жаһандану дәуіріндегі ұлт мүмкіндігі Ана тілі газеті №22 2-8 маусым 2016 жыл
2. Оразбаева Ф. Жаһандану және мемлекеттік тіл // Егемен Қазақстан. - 2005. - С. 21 мамыр
3. Э. Эриксон. Детство и общество. СПб, 2000
4. Поиск национально-цивилизационной идентичности и концепт «особого пути» в российском массовом сознании» в контексте модернизации (отв. ред. Лапкин В.В., Пантин В.И.) М., ИМЭМО РАН, 2004. с.118.

5. И. Сигэзюки. Волна новой цивилизации, исходящая от Японии. Токио, 1995, с.159-160
6. Дэниел Белл, Методология экономической науки, или Как экономисты объясняют. — М.: Журнал «Вопросы экономики», 2004. — 416 с. — ISBN 5-901389-04-2
7. Алвин Тофлер, 100 великих экономистов после Кейнса. — СПб.: Экономикус, 2009. — 384 с. — (Библиотека «Экономической школы», вып. 42). — 1 500 экз. — ISBN 978-5-903816-03-3
8. Питер Дракер, Экономикус, 2008. — 352 с. — (Библиотека «Экономической школы», вып. 42). — ISBN 978-5-903816-01-9. (англ. Great Economists before Keynes: An introduction to the lives & works of one hundred great
9. Джон Нейсбитт, . (англ. Great Economists since Keynes: An introduction to the lives & works of one hundred great economists of the past, 1985)
10. Лестер Туроу. (англ. The Methodology of Economics, or How Economists Explain, 1980)

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

**Бейсембаева К. Д.
Ингайбекова Т.А.**

Жеделдетілген әлеуметтік және экономикалық қайта құрулар дәуірінде, қазіргі қоғам «аномия», «құндылықтар вакуумы» мәселесіне кезікті. Жастардың қандай құндылық бағдарларды таңдауына қарай, көп жағдайда біздің еліміздің, біздің мәдениетіміздік даму жолы байланысты болады. Белгілі бір мәдениеттің шекарасы жеке мемлекеттің геосаяси әсер етуінің сферасы сияқты, «медиялық кеңістіктің» бірлігімен – осындай әсердің тілдік, этникалық, экономикалық алғышарттарымен анықталады.

Қазіргі шынайы өмір сүру жағдайында, үздіксіз артып келе жатқан коммуникативті үдерістердің жиілігі, ақпарат арналарының адамға қолжетімділігі, сонымен бірге коммуникация құралдарының көпшілік, жаппай сипатқа ие болуы, ақпараттық ортаның адамның құндылықтар жүйесін қалыптастырудың ерекшеліктерімен өзара байланысын қарастыру, біз үшін өзекті мәселе болып саналады. Ауқымды коммуникативті кеңістіктің ішіндегі ақпараттық ағындардың адамның және қоғамның өмір сүруінің барлық деңгейлерінде жаһандандыру және конвергенциялау үрдістері, зерттеушілердің алдына әдіснамалық және

практикалық сипаттағы міндеттердің жаңа топтарын қояды.

Ұсынылған жұмыста ақпараттық ортаның біртұтас әсері және аудиторияның бұқаралық коммуникация құралдарымен өзара әрекетінің сипаты қарастырылады. Жас ерекшелік психологиясындағы зерттеулерді жалпылай отырып, біз «жастық шақ» ұғымын өзектілеу үшін аса қолайлы 18-25 жас аралығына тоқтауды жөн көрдік. Дәл осы жас кезеңі индивидтің өміріндегі әлеуметтік белсенді кезең болып саналады, яғни осы жаста адамның әрі қарай дамуына саналы және мақсатты бағытталған тұрғыда әсер ететін қоғамның толыққанды мүшесі болады [1]. Біздің ойымызша, теориялық алғышарттардан басқа, осындай зерттеулерге деген әлеуметтік сұранысты та атап өткен жөн. Соңғы жылдары жастардың ортасында алдыңғы ұрпақтың мәдени құндылықтарын жаппай қайта бағалауды, әлеуметтік-мәдени тәжірибені берудің сабақтастықтың бұзылуын білдіретін күрделі, біржақты интрепретацияланбайтын үдерістер болуда. Қазіргі жастар жаңа бағдар ретінде «батыстың» құндылықтарын – даралық (индивидуализм) және материалдық байлыққа ұмтылысты таңдайды [2]. Осындай құндылықтар тұрғысында қазіргі БАҚ-ы, материалқы саладағы жетістіктерге жетуге бағытталған «ауқатты», «өзін-өзі жүзеге асырған» адамдарды көрсетеді.

Жастар – әлеуметтік және психофизикалық жетілудің қалыптасу кезеңін басынан өткеретін, ересектердің әлеуметтік рөлдерін орындауға бейімделу кезеңін басынан өткеретін әлеуметтік-

демографиялық топ. Жастардың төменгі жас шекарасы 14 жасқа сәйкес келеді, бұл кезде физикалық жетілу басталады және адам еңбек әрекетімен шұғылдана алады (оқуды немесе еңбек етуді таңдау кезеңі). Жоғары жас шекарасы экономикалық дербестікке, кәсіби және жеке тұрақтылыққа қол жеткізумен анықталады (отбасын құру, балалардың туылуы).

Жастар демографиялық категория ретінде 15 жас аралығындағы адамдарды біріктіреді. Жастар кезеңіне адамның өмір циклындағы басты әлеуметтік және демографиялық оқиғалар сәйкес келеді: жалпы білім алуды аяқтау, мамандық таңдау, кәсіби білімге ие болу, еңбек іс-әрекетінің басталуы, некеге тұру, балалардың туылуы. Осы жас кезеңінің өкілдері салыстырмалы түрдегі осы қысқаша уақытта өздерінің әлеуметтік-демографиялық статусын бірнеше рет алмастырады.

18 жасқа дейінгі жасөспірімдер – бұл негізінен орта мектептің оқушылары және кәсіби оқу орындарының білім алушылары. Әдетте, олар анасының қамқорлығында болады, жалпы немесе арнайы орта білімді аяқтауға жақын болады, олардың толыққанды азаматтық құқықтары болмайды (сайлау құқығы, некеге тұру құқығы).

18-24 аралығындағы жастарды жас қызметкерлер, студенттер, негізгі кәсіби даярлықты аяқтаған адамдар қамтиды. Олардың бір бөлігі анасының отбасынан бөлектеген және өзіндік табыстарына өмір сүреді. Бұл жас кезеңінде некеге белсенді тұру басталады, жас отбасының қалыптасуы, алғашқы балалардың туылуы басталады.

25-29 аралығындағы жастар – бұл әдетте, кәсіби таңдауды жасаған, белгілі біліктілігі бар, бірқатар өмірлік және кәсіби тәжірибесі бар адамдар тобы. Осы жас кезеңіне барлық бірінші некелердің 90%-ға жуығы сәйкес келеді, ал 30 жасқа қарай отбасында жоспарланған балалар туылады. Осы өмірлік кезеңге жас отбасылардың кикілжіңг түсуінің жоғары деңгейі, некенің бұзылуы, жаңа серіктесті іздеу және некеге қайтадан тұру тән болады.

Жастардың қоғамдық өмірге енуінің екжақты сипаты болады: жастар әлеуметтік нормаларды қабылдайды және қоғамды жаңартады, қоғамды жән әлеуметтік нормаларды қайта құрады, өздерінің инновациялық потенциалын жүзеге асырады. Жастар қоғамға бейімделіп қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік іс-әрекеттің субъектісі болады. Жастарды әлеуметтендіруді оларға дайын әлеуметтік нормаларды механикалық тұрғыда беру ретінде қарастыруға болмайды, себебі жастар қоғамның тарапынан жасалған әсер ету объектісі ғана емес, олар әлеуметтік өмірдің белсенді субъектісі болып саналады. Соның нәтижесінде жастарды дамыту, қоғамды қайта жаңғырту жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде жастардың әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Жастық шақтан бастап, құндылық бағдарлар жүйесі дамиды және негізінен интернализация арқылы қызмет етеді, яғни жаңа құндылық құрылымдардың пайда болуы мағыналанған және саналы қабылданған тәжірибенің негізінде жүзеге асады. Жас және тұлғалық дамудың белгілі сатысынан өту барысында құндылықтар

жинақталады және аса жоғары деңгейдегі құндылықтар құрылымын анықтайды. Аталған үдеріс өзекті мағыналық күйде көрінетін өткен, қазіргі және болашақтың мақсаттары арқылы жүзеге асырылады [3].

Жасөспірімдер мен жастардың құндылықтарының қазіргі бейнесі көп жағдайда қазіргі заманғы бұқаралық коммуникация құралдары арқылы қалыптасатын бақыт пен жетістік бейнелеріне сәйкес келеді. Осылайша, теориялық деңгейде ақпараттық ортаның қазіргі жастардың басым болатын құндылық бағдарларының қалыптасуына мүмкін болар әсері мен үлесін қарастыру міндетін қояды.

«Құндылық» ұғымы философиялық және басқа арнайы әдебиеттерде болмыстың белгілі құбылыстарының адамзаттық, әлеуметтік және мәдени мәнін анықтау үшін кең қолданылады. Құндылық – бұл ұмтылатын объектіге адамдардың сезімі бағытталады және оған адамның құрметпен, сүйіспеншілікпен қатынас білдіруін айқындайтын ұғым. Мәні бойынша, құндылық – белгілі бір заттың қасиеті емес, объектінің толыққанды болмысының күйі.

Құндылық адамзат іс-әрекетінің барлық заттарының жиынтығы ретінде «заттық құндылықтар» ретінде, яғни құндылық қатынас объектілері ретінде қарастырылуы мүмкін. Құндылықтың өзі – бұл субъект үшін объектінің біршама мәні. Құндылықтар – зат немесе құбылыстардың мәні мен қасиеті. Сонымен бірге, бұл адамдардың өздерінің қажеттіліктері мен

қызығушылықтары арқылы қанағаттандыратын белгілі идеялары мен көзқарастары.

Көптеген әлеуметтанушы зерттеулер жастардағы жалпы құндылықты және нормативті дағдарысты анықтайды. Бірқатар сауалнамаларды талдау нәтижесінде соңғы онжылдықта жастар ортасында алдыңғы ұрпақтың мәдени құндылықтарын қайта бағалаумен, әлеуметтік-мәдени тәжірибені берудегі сабақтастықтың бұхылумен байланысты күрделі өзгерістердің болғаны анықталды. Өмірлік жоспарлар мен жастардың еңбекке бағдарлануы олардың материалды байлық саласына деген қатынасымен, жоспарларды жүзеге асыру және мақсатқа жету барысында материалды байлыққа ие болудың мүмкіндігімен тікелей байланысты. Көптеген әлеуметтік-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, материалды байлық жастардың арман-тілектерінде маңызды орын алады және біршама дәрежеде жастардың экономикалық белсенділігінің сипатын анықтайды: бастамашыл немесе ұйымдастырылған, конструктивті немесе деструктивті [4].

Осылайша, жастардың ақша жинаумен, тауарлар мен қызметті тұтынумен байланысты құндылықтарға бағдарланудың жалпы бейнесі байқалады, атап айтсақ, мәртебе атрибуттары, материалды байлыққа ие болуға бағдарлану байқалады. Ұмтылыстардың аталған жиынтығы жалпы түрде тұтынуға деген бағдарлану ретінде белгіленуі мүмкін. Тұтыну – бұл қазіргі кез келген адамның күнделікті өмір сүруінің ажырамас бөлігі. Тұтынуға деген қажеттілікті адамның материалды

байлыққа ие болуға ұмтылысы ретінде интерпретациялауға болады, онда тауарлар мен қызметке ие болу үдерісі өзіндік құндылық болып саналады. Біршама дәрежеде бұл айқын құндылық бағдары бар индивидтердің әлеуметтік және жеке мәртебесіне байланысты болады, ол тұтыну арқылы белгіленеді, материалды байлыққа ие болуы арқылы жүзеге асырылады. Мұнда тұтыну тауарды алу және қолданумен шектелмейтін жүйелі феномен ретінде қарастырылуы мүмкін. Белгілі бір тауарды сатып алу тілегіне сәйкес келетін эмоционалды, когнитивті және мінез-құлықты белсенділік соған сәйкес жалақыға ұмтылуды қамтиды.

Ақпараттық орта адамға және оның өмір сүру жағдайларына белсенді әсер етеді. Қазіргі кезде ақпараттық орта күрделі көпәспектiлi құрылым болып саналады. Оны ортасында адам болатын барлық ақпараттық ағындарды өзіндік реттеушісі етіп сипаттауға болады [5]. Адамның психикасына ақпараттық әсер ету оның өмірінің барысында коммуникативті «агенттердің» кең спектрі арқылы жүзеге асады. Бұл әсерге адам алуан түрлі жағдайларда түседі, оларды «әлеуметтік-коммуникативті» жағдайлар деп белгілеуге болады. Жалпы түсіндіруде коммуникация қарым-қатынаспен салыстырғанда, ақпаратты беру үдерістерінің жиньтығы ретінде болады, оның біржақты және екіжақты сипаты болуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары адам баласы үшін дүниетанымдық тұрғыдан қосымша әлеуметтендіруші құрал ретінде қарастырылады және ол соған қызмет етуде. Демек, олар адамзаттың

дүниені танып-білуінде, қосымша білім алуында үлкен рөл атқарады. Бірақ БАҚ-тың, соның ішінде теледидардың көрермендерді өзіне тәуелді ету ықпалының өте жоғары екенін ескере отырып, одан берілетін қандай да бір бағдарламаның көрерменді әртүрлі сезімде ұстау мүмкіндігін де әсте естен шығаруға болмайды.

Қазіргі өркениеттің ақпараттық кеңістігін технологиялармен, әлеуметтік интситуттармен, тілмен негізделген, адамның өмір сүруіне бағдарлы түрде әсер ететін, ақпаратты беру, өңдеу және сақтау үдерістерінің жаһандық жиынтығы ретінде сипаттауға болады. Аталған зерттеудің мақсаттарын жетекшілікке алып, әдебиеттердегі анықтамаларды талдау негізінде, біз «ақпараттық орта» терминімен индивидке сырттай қатысты ақпараттық кеңістіктің бөлігін, индивидтің іс-әрекеті тікелей жүзеге асатын жағдайлардың жиынтығын белгілейміз.

Тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында Отанға деген сүйіспеншілік, яғни патриоттық тәрбие алдыңғы қатарға шығатыны сөзсіз. Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу мемлекеттік маңызды мәселе екенін тағы бір еске сала кеткен жөн болар. Бұл жөнінде Қазақстан және Ресей Білім академияларының академигі Б.Момынбаевтың “Отаншылдық білім мен тәрбиенің тұғыры болуға тиіс” деген мақаласында (“Егемен Қазақстан”, 27 қаңтар 2006 жыл): “... Осы тұрғыдан келгенде, қоғамдық сананы қалыптастыруда, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесінде БАҚ-тың жетекші орынға шығып отырғаны өмір шындығы.

Солай бола тұра, бүгінгі таңда қазақстандық БАҚ жүйесіндегі еркіндіктің бассыздыққа ұласып бара жатқаны айырықша алаңдатады”, дейді. Бұл мақалада қазақ жерінде қазақстандық БАҚ-тан гөрі шетелдік БАҚ-тың пайыздық көрсеткіші жоғары деген мәлімет берілген. Одан әрі автор отаншылдық жайындағы ойын жан-жақты сараптай келе: “Біздің ойымызша, БАҚ-тың ең киелі міндеті ақпараттық-ағартушылық ұстаным болуға тиіс. Бұл ретте, БАҚ-тың рөлі бүгінгі таңда бірінші орында тұрғанын социологтар бірауыздан мойындайды. Демек, Қазақстан БАҚ-тарындағы ұрпақты аздыратын, ұлтты тоздыратын кейбір бейбастақтықты ауыздықтау проблемасы әбден шегіне жеткенін терең сезінуіміз керек” деген ұтымды ой айтады [6].

Қазіргі кезде қандай бағдарламаны болсын көруге, тыңдауға барлық жағдай бар. Жаһандану заманында сырттан келіп жатқан ақпараттарға ешбір тосқауыл қойылып отырған жоқ. Ал мұның өзі балалардың БАҚ материалдарын ретсіз тұтынуына әкеліп отыр. Педагогика ғылымдарының докторы А.Құсайынов бұл әрекетті медиазорлық деп санайды.

Шын мәнінде, оң мен солын әлі танып үлгермеген балалардың қалыптасуына кері әсері бар зорлық-зомбылықты насихаттайтын фильмдерді көруге мүмкіндік туғызу – үлкен қиянат. Ғалым “Егемен Қазақстан” газетінде жариялаған “Медиазорлық және балалар” атты мақаласында Ресей ғалымдарының пікірлеріне сүйене отырып, ата-аналар балаларына барлық жағдай жасай келе, әйтсе де оларды агрессиядан қорғай алмай отырғанын айтады. Ал агрессия мен жаман қылық көбіне теле-

дидардан берілетін зорлық-зомбылыққа толы фильмдерді көргеннен соң пайда болады [7].

Соңғы жылдары жүргізілген әлеуметтік зерттеулер, жастар ортасында ақпараттың қайнар көздерінің арасында аса маңызды рөлді телевидение (30%), әрі қарай интернет (16%), достар (14%), радио (11%) және газеттер (11%) атқаратынын көрсетеді. БКҚ-ның алуан түрлі типіндегі ақпараттық арналарды ұйымдастырудың ерекшеліктеріне қарай, олардың жастардың құндылық бағдарларын қалыптастырудға рөлі алуан түрлі болады.

Интернет және телевидение нарықтық экономиканың заңдарына бағына отырып, тұтынуды ынталандырудың міндеттерін орындайды, яғни нарықтық экономика жағдайында қоғамның қажетті міндеттерінің бірін жарнамалық хабарламалардың ауқымды саны арқылы орындайды. Бұл хабарламалар тауарды тікелей сату түрінде және жасырын жарнама түрінде таратылады. Телевидениенің ақпараттың қайнар көздері жүйесіндегі басты орны, қазіргі жастардың тұтыну мен материалды жетістіктің құндылықтар жүйесін игеруіне әкеп соғатынымен көрінеді.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, қазіргі жастар үшін құндылықтарды интернализациялау үдерісіндегі телевидение мен жаһандық желінің рөлінің мәліметтерімен тұтыну саласының мәнін айқындайтын құндылықтар жүйесін зерттеудің мәліметтерімен салыстыра отырып, БКҚ-ның әсерінің құндылық бағдарлардың алмасуын негіздейтін фактор болатынын атауға болады.

Жоғарыда баяндалғандарға сәйкес, біз адамның ақпараттық ортамен өзара әрекетінің жиілігіне ұғымдар, мағыналар, нормалар мен құндылықтардың жиынтығын трансформациялау дәрежесі байланысты болатыны туралы болжам жасауға болады. Реципиенттің БКҚ-мен өзара әрекетінің белсенділігі мен енжарлығының арақатынасына байланысты, осы саланың құзырлылығы мен когнитивті күрделілігіне қарай, осы өзара әрекеттің аясында қабылданатын және таратылатын хабарламаларды қабылдау нәтижесі тәуелді болады. Бұл өзара әрекет алуан түрлі жоспарлы, рефлексивті және «саналы» болған сайын, оған енгізілген индивидтің «құндылық репертуары» бай болады. Соған сәйкес, тұлғаның «мағына құраушы» алуан түрлі диспозицияларының белгілі бір басым болатын бағдардың бақылауына түсу қаупі төмен болады. Өмір сүруді реттейтін белгілі бір бағдарлы принциптің жағына «алмасу» және соған сай дисгармония (үйлесімсіздік), тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына және нәтижелі дамуына кедергі келтіріп қоймайды, сонымен бірге өзгермелі әлеуметтік жағдайда дезадаптивті болуы мүмкін. Адамның құндылықтар проблематикасын және оған әсер ететін ақпараттық кеңістіктің әсерін теориялық талдау нәтижесінде ұсынылған болжамдарды тексеру үшін, аталған құбылыстарды эмпирикалық зерттеу жоспарланды және жүзеге асырылды.

Сонымен, жоғарыда баяндалғандардың негізінде біз белгілі тұжырымдар жасай аламыз. Жеке тұлғаның дамуы, ең алдымен, оның рухани ауқымын дамыту, этномәдени дәстүрлердің әсерімен

қалыптасатын құндылық-мақсаттардың өзіндік иерархиясын құрумен байланысты болады, сонымен қатар тәрбие және өзіндік тәрбие барысында меңгерілетін дара өмірлік тәжірибемен байланысты болады. Бұнда жеке тұлғаның әлеуметтендіру барысында қабылдайтын (кең мағынасындағы тәрбие тұрғысында) барлық өмірлік бағдарлар сияқты, мақсаттар жасөспірімдер үшін құндылықтар болып саналады.

Қазіргі заманғы жастардың құндылық бағдарлар жүйесі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген, батыс қоғамының құндылық бағдарларының әсерімен қайта құрылу барысында екендігін айтуға болады. Алайда жастардың кейбір бөлігі отандық әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге тән құндылық бағдарларды әлі де сақтайтыны анықталды.

Өмірдің маңызы мен құндылық бағдарлар мәселесі әрдайым өзекті болып табылады. Әрбір ғылым саласы оны өзінше түсіндіреді, алайда осы ұғымдардың қалыптасуына тарихи, әлеуметтік, экономикалық және саяси үдерістер әсер етеді. Әрбір адам өзінің өмірінің мақсатын және өмірлік құндылық бағдарларын анықтауы керек. Қазіргі заманғы әлемде өмір сүру қиын, ал мәртебелі өмір сүру одан да қиын. Сондықтан, әлеуметтік құрылымдар «машинасында» жұмсалатын материал болмас үшін, өмірдің мәнін анықтай отырып, қоғам мен өмірдегі өзінің орнын табу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иконникова, С.Н. Социология о молодежи. Л.: Знание, 1985.
2. Лисовский, В.Г. Советское студенчество. М.: Высшая школа, 1990.
3. Залесский, Г.Е. Ценностно-мотивационные аспекты деятельностной теории учения. // Вестник МГУ. Психология 1998 №2, с. 58-67.
4. Андреева, Г.М., Психология социального познания. М.: Аспект Пресс, 2000.
5. Пронина, Е.Е. Категориальная структура восприятия телевизионных передач. // Дисс. канд. психол. наук. М.: МГУ, 1987.
6. Момынбаев Б. «Отаншылдық білім мен тәрбиенің тұғыры болуға тиіс» атты мақала. «Егемен Қазақстан» газеті, 2006.
7. Құсайынов А.Қ. «Медиазорлық және балалар» атты мақала. «Егемен Қазақстан» газеті, 2008.

М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕ

Қыяқбаева Ұ.Қ.

Айбергенова С.Т.

Бекмагамбетова Р.К.

Демеуова Л.Н.

Сержанқызы Ж.

Ұлттық тәрбие - ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман тәрбиелеуде білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге - жерге, тілімізге, дінімізге, салт-дәстүрімізге деген құрмет жатыр. «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. Мақалада ХХІ ғасырда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттары мен педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыруға бай көкейкесті мәселелердің маңыздылығы мен қажеттілігінің қаншалықты құнды екенін алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушылардың бірі М.Жұмабаев ата-бабамыздан бірге келе жатқан ұлттық рухани құндылықтарымызды «Педагогика» оқулығында қарастырған.

Ұлттық тәрбие Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін,

рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты

мақсатқа жетеміз.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [1].

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін,

рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты

мақсатқа жетеміз.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі-әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр. Ұлттық тәрбие Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігінің қаншалықты құнды екенін алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушылардың бірі М.Жұмабаев: «Біз дәл қазір ұлттық мектептің берік негізін қалауымыз керек. Соңғы кездері біз соқыр еліктеу ауруына шалдыққанымызды ескеруіміз керек. Бұл дерт жаңа мектептің негіздерін құруда ғана емес, шаруашылық және саяси өмірдегі қайта құруда да байқалады. Біз қазақтың жанына жаңа бейне беруіміз керек. Қазақтың жанын басқа үлгіге қарай ауыстыру қорқыныш тудырады. Жаңа мектептің негізін қалай

отырып, осы соқыр еліктеу жолына тағы да түсіп кетпегеніміз дұрыс болар еді» - деп өзі өмір сүрген қоғамда ерекше назар аударған болатын [2]. Қазақ жастарының бойындағы қабілеттерін ел мүддесі үшін қолдана білуін, танымдық жаңашылдыққа бет алуын арман етті. Мағжан арман еткен жаңашылдық мен ұлттық тәрбие мәселелері бүгінгі күні өзекті сипатқа ие болып отыр. Мектеп тұрмақ, отбасылық тәрбиемізге де кіріп алған өзге жұрттың тәрбиесі ұрпағының келешегіне кесірін тигізетінін Мағжан күні бұрын болжап білді. Соқыр еліктеудің соңы сүріндірерін, опындырарын біліп, сақтанудың жолдарын қарастырған болатын.

Ұлттық тәрбие- ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман тәрбиелеуде білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге- жерге, тілімізге, дінімізге , салт-дәстүрімізге деген құрмет жатыр. «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев болды. «Педагогика» атты еңбегінде [3]: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады... Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» - деп, ата-бабамыздан мирас рухани байлыққа үстірт қараудан ақын ұрпағын әбден сақтандырған [2]. Атақты Бонапарт: «Халық толық азат болу үшін ұл-қыздары дана, басшысы құдай текті болуы керек»

депті. Ұлттың кемелденуі - ұлынан, елдің көгермегі - ерінен екенін әсірелеп жеткізген. Азаматы парасатты болса, халықтың жұлдызы жанады, басшысы кемеңгер болса, бағы жанады. Елбасының «Табанды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел тәуелсіздігін баянды етуге болады» деуі де осыдан. М.Жұмабаев ұлттық тәрбиенің мақсаты мен міндетін белгіледі [3]. Ұлттық тәрбие мақсаты - ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу, ал ұлттық тәрбие міндеті- ұлттық тәрбиенің діңгегі- ана тілі болып қалатынын негіздеу екендігіне айрықша тоқталады. Ана тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастырудың жолдарын көрсетеді. Қазақ халқы арыстанның айбатын, жолбарыстың қайратын, қыран құстың қырағылығын дәріптеген. Жастар бойынан осындай ұлттық ерекшелікке тән қасиеттерді көрсем деген ақын болашақ жастарға сенім білдіреді. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі. Бүгінгі күннің шешімін табуда кезек күттірмейтін мәселелердің бірі де жастардың ұлттық санасын оятып, жат діни ағымдарға кіріп кетпеуін, бұрыс жолға түспеуін қадағалау. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасына дінімізді танытуға бағытталған жұмыстардың қолға алынуы көпшілікті қуантуда. Қазақстан білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда жаңа үдерістерге бейімделуге

қабілетті және ол жағдайларды жақсартуға игі ықпал ете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – білімділік, рухани сауаттылық, жоғары интеллектілік, кәсіби сауаттылық. Осыған байланысты білім беру институттарының бала дамуындағы қоғамдық жауапкершілігі артып отыр. Жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуын, өзіндік көзқарасының қалыптасуы және ой-өрісінің кеңеюін қамтамасыз ету басты назарда тұрған мәселе.

Елбасы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы жайлы: «Ұлттық намыс –ұлы ұғым. Ұлттық намыс ұлттық рухтан тамырланатынын, ал ұлттық рухты сақтау үшін тәрбие ісін ұлттық мазмұнда дамыту керектігін»- деп, ел өміріндегі дерек-дәйектермен жеріне жеткізе дәлелдеді. «Ұлтты жаңа сапалы мазмұнда жаңғырту ұзаққа созылатынын, ол үшін үйренетін ұлттан енді үйрететін ұлтқа айналуға тиіс» [4] екендігімізді алға тартты. Бұл бағдарламалық құжатта жоғары және арнаулы оқу орындарының алдында заман талабына сай тың да жаңа міндеттер қойылып отыр. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізуге, оқытушы-педагогикалық құрамның сапасын жақсартуға,біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құруға, талапты шәкірттер үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейтуге, тағы да басқа өзекті мәселелерге келіп саяды. Осы орайда, Елбасы тек білім беріп қана қоймай, алған білімдерін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге икемделу қажеттігін нақтылай түсті. Бұл

білімгерлерге деген талапты күшейте түсу деген сөз. Мағжан ұлттық психологияны қалыптастыруды да көлемді түрде сөз етеді. Ол жан көріністерін «білу, яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат» деп үшке бөліп қарастырады.

М.Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер болды. Сонымен бірге оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына төңкерістен кейін тұңғыш терең үнілушілердің бірі болуы Мағжан дарынының тағы бір қырын көрсетеді. Осы тұрғыдан, Мағжан 1922 жылы «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазды. Кітабы жөнінде автор былай дейді: «Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқытылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады». Біз бұдан кітаптың басылуы оған оңай болмағанын, көпшілік талқысына түсіп, тәжірибелі мұғалімдердің сынынан өткен еңбек екенін байқаймыз. М.Жұмабаев тағы да былай дейді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге таңдап тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орысшадан қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым». Автор өз еңбегін төрт аяғын тең басқан дүние демейді. Сөйтіп тұрса да, бұл еңбектің ғылыми әлемді елең еткізген керемет

туынды екені хақ. Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі сұлулық пен әдеп құлық тәрбиесі. Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...», «...баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», – деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Оның туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық.

« Ұлт тәрбиесі,- деп жазды ол,- баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [3] . М.Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді.« талай нашар, зиянды әдеттер әрбәр ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр»,-дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық

шеберлігін ұштау мәселелеріне ден қояды. Мағжанның көшпелі қазақ тұрмысындағы тәлім-тәрбиеге байланысты көзқарасында ұлттық бояу ерекше байқалады. «Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, – деп жазды ол, – пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Тегінде жаратылыспен бауырласып, құшақтасқан, алдындағы малымен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік қылып, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болар еді. ... қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл». Оның ойлары адамның табиғатпен кіндіктестігін ескере келіп, оқу-тәрбие жұмысының жаратылыспен астарластығын меңзейді. Табиғат-анадан алшақтап, оған немқұрайды салқындықпен сырт айнарудың зардабын бүгінгі ұрпақ көріп отырғаны белгілі.

М.Жұмабаев: «Адамның әдемілікті сүю сезімін терендететін де осы есту сезімі», – дей келіп оларды дұрыс жетілдірудің жолдарын көрсетеді. Бұларды жетілдіруде ұлттық дәстүрге сүйене отырып жүргізуді, мәселен құлынның кісінеуін, қойдың маңырауын, түйенің боздауын ажырата білу арқылы тәрбиелеуді ұсынады. Біріншіден ұлттық тәрбие беруде халықтың бай ауыз әдебиетін оқытудың маңыздылығын түсіндірді. Мағжан қазақ әдебиетінің қалыптасуында ежелгі сақ, хұн, түрік, қыпшақ дәуірінен бастау алған ауыз әдебиетінің роліне ерекше ден қойған. Халқымыздың аса бағалы рухани байлығы деп бағалап, оны сақтауға ерекше мән берген. Мағжан бала тәрбиесінде фольклорды

пайдалануының бір себебі -халық ауыз әдебиетін халықтың санасын оятып, сол арқылы әлеуметтік орта мен қоғамдағы орын алып отырған келеңсіздікке қарсы күрестің құралы деп түсінді. Біздің халқымыздың бала тәрбиесіндегі ерекшелігі - ежелден қалыптасқан ауыз әдебиетінің түрі боп саналатын бесік жырында, ертегілерінде, мақал-мәтелдерінде, батырлар жырларында. Ол адам өміріндегі қиялдың (фантазияның) рөліне тоқтала келіп «Қиялы дамымаған адам мылқау адам... Қиял адам ойын дамытады... Ол үшін балаларға жастайынан қиял-ғажайып ертегілер айтқызып үйрету керек»,- дейді. Оқушылардың танымдық-шығармашылық ойын дамыту оқу әрекетін белсендірумен тығыз байланысты. Ал белсенділіктің бастауы – қызығушылық, яғни мотивациялар жүйесі, қызығушылық өз қолымен істеген әрекеттен нәтиже алудан,өз еңбегінен ләззат алудан туындайды. «Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан,балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек.Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді»,-дейді. М.Жұмабаев қашан да тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырды. М.Жұмабаев халық тәрбиесін қастерлей отырып, оны да жұрт талқысынан өткізіп қабылдаудың қажеттігін ескертеді. «Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», -дей келіп, автор тәрбиешінің педагогикалық шеберлігін ұштау мәселелеріне ден қояды. Қоғамға қалыпты бейімделген, қалыптасқан және әлеуметтік нормаларды игерген адам қоғамда тұлғалық дамуға, жүйелі өмір сүруге қол жеткізеді. Отбасында алған –

тәрбие, білім беру мекемелерінде алған - білімі мен тәрбиесі және тағы басқа институттардан алған оң құндылықтар адамның өмір бойы дұрыс, салауатты өмір сүруінің кепілі болады. Адам баласының хайуанаттан басты ерекшелігі оның «өте әлсіз, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» дей келе, оған дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық һәм құлық тәрбиесін беру керектігін ескертті. Баланың дұрыс әлеуметтенуінде тәрбиешінің маңызды роль атқаратындығын осыдан бір ғасыр бұрын жан-жақты талдап берді. Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», - деу арқылы өмір салттарымызды жырға қосты. Жанталасқан заманда алыс пен жақын деген ұғым теңескен. Есігінді қағып тұрған ғаламмен табыспасаң, адамзаттан алыстайсың. Ұшқыр ғасыр

жүйріктен тұлпарға, тұлпардан пыраққа айналмасан шаң қаптырады.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбие дегеніміздені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухы биік, мәдениеті жоғары, ар- ожданы мол, парасатты, еңбекқор, іскер, т.б. жағымды қасиеттері жеткілікті адамды тәрбиелеу. Тәлім- тәрбиенің негізіне адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық үрдістер, соларға негізделген айла- тәсілдер алынуға тиіс. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». – Астана, 2005
2. Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдау. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Егемен Қазақстан, 2014

ОРХОН ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ – РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛЫ

**Саипов А.А.
Мұратбаева Г.А.**

Бүгінгі таңда жастарға рухани тәрбие мен білім беру мәселесі адамның өмірді танып-түсінуіндегі құндылық, табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуімен бағаланады.

Тәрбие – қоғамдық тәжірибені білім, жеке тұлғаның теориялық және практикалық ілімдерді меңгерудегі құзыреттілігі мен шығармашылығы, әлеуметтік және рухани қарым-қатынастағы түрлі іс-әрекеті. Демек, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттау мәселесі ең алдымен, оның жете түсінуі мен тәрбие алуы, өз пікірі мен жинақтаған тәжірибесін сыни тұрғыдан тануға, соның негізінде адами қасиеттерді өз бойына сіңіре білуіне бағыт-бағдар берілуінде.

Сондықтан да рухани-адамгершілік құндылықтар жеке тұлғаның ізгілік, мейірімділік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелеуге, ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін реттеуге, өмірдің құбылыстарын түсініп, қабылдауға септігін тигізетіні сөзсіз.

Өнердің барлық түрлері белгілі бір сатыда дамиды және өз көрермендеріне ие болады. Ал өнер иесі өз шығармаларында өмірдің көрінісіндегі кей дүниелерді бейнелеу арқылы шынайылықты айқындап береді. Негізінен, білім беру жүйесінде білім алушыларды өнер туындылары арқылы тәрбие

беру мәселесі көркем шығармадан алған әсерінен туындайды. Дегенмен де, әрбір дәуірдің елеулі, мазмұнды оқиғаларын өз заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары оны шынайы тарих-шежіреге айналдырып, ал шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған. Сондай бүкіл түркі халықтары мәдениетінің тарихында өшпес орын алатын ескерткіштердің мәні өте зор. Бұл орайда құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз мақтан тұтып, оның құндылығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Көне дәуір мәдениетінің өшпес мұрасы бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып, сақталып, өшпес мұралардың бірі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.).

Бұл ескерткіштердің ұрпаққа қалдырар ізгілігі мен мәнділігі мол. Әрбір көне ескерткіштің көрінісі сол дәуірдің оқиғалар мерзімі мен жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазулары, көптеген ғалымдар еңбектерінде айтылғандай, халық арасына кеңінен таралғаны дәлелденеді.

Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліңдер түркінің қазіргі халқының бектері» – дейді [1].

Орхон ескерткіштері оқып-үйрену арқылы білім алушыларды ерекше ойға бөлейтіні белгілі. Ал оның ойы, сезінуі, есте сақтауы - бір орта, ал сол ортадағы көріністер кез келген өнер туындысы

ретінде мәңгі өмір сүреді. Көптеген ғалымдар өз кезегінде мұндай тарихи туындыларды өскелең ұрпаққа қатысты өз ойларын түсіндіреді. Айталық, Б.Неменский өз пікірін былайша тұжырымдайды: «Әр туынды – бұл тек қана жеке қадам емес, жеке ашылу, жеке сәттіліктер немесе сәтсіздіктер – өйткені бұл қадам, тәжірибе, сәттілік немесе қателік және барлық ұрпаққа, өз уақытында, өзін танытатын қадам.

Білім беру үдерісінде тиімді қолданылған өнер туындылары білім алушыларды сол шығарманың тарихи мазмұнын түсінуге, тілі мен дінін, кейіпкердің жан дүниесін қабылдауға бағыт-бағдар алып, өзінің ішкі жан дүниесіне жаңалық ретінде қабылдауы керек.

Білім алушылар мұндай тарихи мазмұнды ескерткіштерді қабылдап, одан туындаған ойлардан кейін өзін-өзі тексеріп, қандай ойға бөленгенін ортаға салып отыруы қажет. Әйтпесе, өнердің ең басты жасаушысы - халықтың жан дүниесімен санасып, өзінің бүкіл болмысымен жақсы қасиеттерін саналы түрде тәрбиелейді.

Ең бастысы, суретші өзінің шеберлігін және табиғат берген сыйын пайдалана отырып, үлкен өнер туындысын жасау қажет. Ал адам қиялынан туындаған үлкен өнерді көрермен терең түсініп, дұрыс қабылдай алмаса, суретші өнердегі өз орнын түсінуді әрі сезінуді жоғалтады. Суретшінің шығармасы арқылы бейнеленген халықтың күш-қуаты сол халықты рухани байытуға әрі өзін қоршаған ортаның әдемілігі мен әсемдігін жаңа деңгейге көтеруге қызмет етуі тиіс.

Суретшілер кашанда қоғамның, өз уақытының барлық рухани қазыналарын аса терең сезінуші адамдар болып есептеледі. Өйткені, суретшінің негізгі мақсаты – адамның жан дүниесін тану. Ол өз танымын адамның жан дүниесін тану еркінің нәтижесінде емес, қайта ол туралы өзінің түсінуі мен ойлауын және айналадағы ақиқат шындықты қабылдаудың қажеттілігі нәтижесінде жасайды.

Өнер туындылары білім алушылардың әлемді тануының, сезінуінің және түсінуінің жаңа көрінісі ретінде білім саласында айрықша көңіл бөлінеді. Сондықтан да, өнер – адамзатты өмір шындығына жетелеп, рухани-адамгершілік құндылықтар бағдарын қабылдауға, бойында имандылық ұстанымдарын тәрбиелеуге, ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін реттеуге, ал негізгі түйіні – білім алушылар қоршаған ортадағы, дүниедегі, болмыстағы көзқарасты, қарым-қатынасты көркемдік тұрғыда үйлесімді бейнеленген тарихи ескерткіштерді оқып, зерлеуге септігін тигізеді.

Өнер туындыларының көркемдік құндылықтарын қабылдауда білім алушы белгілі бір нақтылы тарихи жағдайларға шолу жасап, ғылыми ізденістерге жол ашады, сонымен бірге оның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жете түсініп, әлеуметтік ортада қоғам мүшелерімен алуан түрлі қарым-қатынасқа түсу арқылы өз мәдениетін дамытып, меңгерген білік-дағдыларын кәсіби іс-әрекетінде шындайды.

Демек, қоғам талаптарына сай, бүгінгі күні өмірдің өзгермелі жағдайына бейімделуге, шешім қабылдай білу сынды өзекті мәселелерді шешуде

өнердің тәрбиелік маңыздылығы үлкен қуатқа ие. Өйткені, ғасырдан ғасырға өз мәнін жоғалтпай, қай уақытта да заманның әлеуметтік және рухани талаптарынан туындаған көкейкесті мәселені көтеретін, өнер туындысы көркем құбылыстар мен түрлі ағымдар туралы мағлұматтар беріп, олардың ішкі бірлігі мен үндестігін сақтап, білім алушылардың теориялық танымын тереңдетуге септігін тигізеді. Соынмен қатар, өнер мен шығармашылықтың күрделі негіздерін түсінуде, өнер туындыларының озық тәжірибесін зерттеуде білім берудің жаңа ұлттық моделін жасақтау қажеттілігі де осыдан туындайды.

Қазіргі заман талабы, керісінше, әр студент сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны көбіне өзі игеріп, ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, үнемі даму үстінде болуы қажет. Осыған орай, әлемдегі озық педагогикалық бағыт – жоғары білікті маман даярлау идеясын басшылыққа алу керектігін міндеттейді. Олай болса, дәстүрлі оқыту жүйесінің озық тәжірибесін үйреніп, оқытудың жаңаша әдістемелерді тиімді пайдалануды зерделеп отыру қажет.

Дәстүр – халықтың өміріндегі шындықтың бейнесі, оны жасаушы – халық. Ал халықтың әдет-ғұрпы дәстүрлі қоғамдық өмірдің материалдық жағдайының өзгеруімен сипатталады. Біздің халқымыздың ұлттық төл өнері өзімізді қоршаған дүниені танып-білудің, шығармашылық толғаныстың және рухани-адамгершілік тәрбие берудің қайнар көзі болып табылады. Сондықтан да, білім алушының рухани болмысы мен сезімін, әсемдікті түсіну

қабілетін дамыту, адамгершіліктің ізгі қасиеттерін сіңіруге көмектесу, өнерге деген қызығуы мен сүйіспеншілігін ояту, шығармашылық және креативтік ойлау қабілетін арттыру бүгінгі жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар қауымының басты міндеті.

Ежелден келе жатқан халқымыздың тұрмысынан тамаша озық дәстүрлердің сан алуан түрлерін байқауымызға болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан халық мәдениеті, өнері оның ізгі тілектерін бейнелейді.

Ертедегі Орта Азия, Қазақстан жері дүние жүзіндегі өнер, білім, мәдениеті дамыған орталықтардың бірі болған. Әбу Райхан әл-Берунидің жазбаларына қарағанда, Орта Азияның ең ежелгі мемлекеттерінің бірі - Хорезм үлкен мәдениет орталығы саналған.

Біздің жыл санауымыздан екі мың жыл бұрын мұнда сәулет, мүсіндеу және бейнелеу өнері жоғары деңгейде дамыған. Мұндай көріністердегі көне ескерткіштер бейнесі бүгінгі күнге дейін өз әдібін жоғалтпай келеді. Жалпы Орта Азия мен Қазақстандағы бейнелеу өнерінің тамыры сонау неолит және қола дәуірінен басталады. Бұған Жасыбай мен Ұлытау маңындағы тастарға ойып салған суреттер дәлел, ою-өрнектер куә.

Ата-бабаларымыздың өмір салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Туған жерінің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын, жан-жануар көзінің қарашығындай қорғап аялай білген. Бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнер арқылы жеткен. Сондықтан болашақ өнер

саласы мамандарын тәрбиелеудегі ең басты Қасиеттердің бірі - өнерімізді алдымен көркем тілмен мәнерлеп баяндай білуге үйрету. Көркем сөз өрнектері арқылы көнеден келе жатқан рухани байлығымыздың құдыреттілігін алушының санасына ұялатып, оның шығармашылық қабілетін оятуға мүмкіндік мол болады.

Ауыз әдебиетіміздегі теңеу сөздер, бейнелік маржан сөздер арқылы айтылған жұмбақтар, халқымыздың мақал-мәтелдері, аңыз ертегілері, шешендік сөздері тікелей тәрбиемен байланысты. Атадан балаға, анадан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы-сәндік өнердің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына өзіндік ықпалын тигізді. Бабаларымыздың сұлулық туралы талғамы киіз үйі арқылы көрініс тапқан. Өнер - ғасырлар қолтаңбасы, ата-бабалар тіршілігінің тірі куәгері, солардан қалған өпшес мұра. Солай екен, өнер алдағы уақытта да өз өрісін кеңейте түсері сөзсіз. Өйткені, көне жазбалар өнері есте өшпейді, тамыры терендеп, бұтақтарын кең жая бермек. Бұған ата - салтымыз бен дәстүріміздің қайта оралуы даңғыл жол ашып отыр.

Көне түркі жазбалары – рухани-адамгершілік тәрбиенің етене жақын буыны. Мұның өзі Аталмыш өнердің көркем бейнелеуінің ерекше түрі екендігінен туындайды. Көне түркі жазбаларының ескерткіштері кез келген түрі адамның танымдық мүмкіндігін кеңейтуге және рухани-адамгершілік тәрбиенің қыр-сырларын түсінуіне әсер етеді. Сондықтан да білім алушылардың рухани-адамгершілік сезімі мен талғамын қалыптастыруда көне түркі жазбаларының

нақты бейнеленген көріністерін тусіне білуге баулуымыз қажет.

Көптеген әдебиеттерге сүйенетін болсақ, өнердің алғашқы түрлері өткен заманда ілгергі тас ғасырында пайда болған. Бұл ескерткіштер үлгісінен, алғашқы өнер туындыларындағы тасқа басылған түрлі ою-өрнектер мен әр түрлі сурет-бейнелерден ежелгі қоғамда адамның еңбек етуіне үлкен мән берілгенін көреміз. Заман ағымының қай кезеңінде болса да, өнердің тарихи даму барысына қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өз әсерін тигізген.

Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан әсем ғимараттар, күмбезді сарайлар мен тас мүсіндер туралы құнды деректер көптеген ғалымдар еңбектерінде зерттелген. Мәселен, педагогикалық пәндер бағдарламасы бойынша «Орхон Енисей ескерткіштері» атты тақырыбындағы дәріс сабағы көне ескерткіштерді, түрік жазбаларының әдеби көріністерін зерделейді. Бұл орайда мультимедиалық технологияны тиімді қолдана отырып, білім алушыларға экран арқылы ұсынылған бейнежазба үзінділері арқылы тақырыпты жан-жақты, терең, көңілге қонымды етіп түсіндіруге болады («Орхон Енисей ескерткіштері» бейнежазба материалы) [2].

Бұл бейнежазба арқылы білім алушылар түркітануда бүгінгі Монғолия жеріндегі Орхон Енисей ескерткіштері туралы көптеген мәліметтермен танысады. Бейнежазба арқылы Орхон алқабы сан мыңдаған тарихи ескерткіштерге аса бай өлке екендігіне көз жеткізеді. Сонымен қатар, Орхон ескерткіштерінің Алтай, Қаңлай, Соян, Кеңтай тау

жоталары, Гоби шөл даласы және осы таулы, жоталы, далалы алқаптағы Керумен, Хобда өзендерінің бойында Қырғыз, Қарасу, Қобсы көлдерінің жағауларына дейінгі өңірде сақталғанын тамашалайды.

Орхон ескерткіштері көшпелі этносаяси бірлестіктерінің Қаған, Яңлу, Чур, Тархан және т.б. түрік бекзаттарына арналып жасалғанын біледі. Бұл арада қарапайым халықтардың тұрмыс-тіршілігіне арналған ескерткіштер де аталған. Олар алғаш табылған жер, су атауларымен аталып, ғылыми айналымға енген екен. Сөйтіп, әрі қарай студенттер келтірілген деректермен, мысалдармен танысады. Айта кететін жай, студенттер бейнежазба көріністерінен әрбір ескерткіштер кешені, тас үйіндісі, тастарда қашалған таңбалар, мәтіндер мазмұны туралы толығырақ мәлімет алады. Айталық, Күлтегін ескерткіш кешені жалпы Күлтегін өмірбаянына құрылған 68 жол мәтіннен тұрады. Ал енді Білге қаған ескерткіш кешені қамап туралы да қызықты деректер келтірілген. Білге қаған құрылысының ішкі қабырғаларында суреттер салынған. Деректерге қарағанда, бұл суреттердің өзіндік мәні бар көрінеді. Осы қамал құрылысының сыртқы кенересі бойымен 100-ге 55 метр су ағарлар салынған. Ескерткіш көгілдір мәрмәр тастан жасалынған. Білге қаған ескерткіші тасбақа үстіне орнатылған. Оның төбесінде үш қос айдаһар бейнелеген. Бір жақ қапталындағы үшбұрышты шаршысында қаған таңбаларын білдіретін марал, елік, киік бейнелері өрнектелген.

Араб қарпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып, пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған [3] . Ұрпаққа өнеге болар атақты Күлтегін, Тонына, Білге, Бумын қағандар әрі тарихи, әрі әдеби дастан жыраулардың кейіпкерлеріне, сомды тұлғаларына айналды. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагой данышпандары өркениеттің белгісі болып табылатын түркілік сына жазумен тас бетіне түсіргені барша әлемге мәлім [4].

Сонымен қатар, студенттер Шивээт, Хүйіс Толгой, Ел етміш, Тұнық-ұқ, Күлі-чүр, Алтын Тамған, Тархан, Чойр ескерткіштері туралы алған мәліметтерін ой елегінен өткізіп, олардың тарихи маңызына ой жібереді.

Мұндай көріністер білім алушыларға өнердің өміршендігі туралы ой салады, өнер туындыларындағы рухани-адамгершілік сезімдерін оятады. Сонымен қатар, жаңа тақырыпты меңгерту барысында хабарлау, баяндау әдістерін ұштастыра отырып, слайд көріністері арқылы білім алушыларды кәсіптік дағдыға, іскерлікке үйретуге мүмкіндік аламыз.

Кеңістік пен зат өте тығыз болғандықтан, білім алушылардың өмір шындығын бейнелеген әрбір көне қолтаңба көріністерінде кеңістік ұғымын қалыптастырудың маңызы зор. Өмірдегі қандай зат пен құбылыс болсын белгілі кеңістіктен (табиғаттағы дала көрішсі, белме іші, т.б.) табылады. Заттың кеңістіктегі орны оның алыс-жақындығына байланысты. Мәселен, бізге бір топ адамдар

жақындап келе жатыр делік, онан алыста ауыл, өте алыста тау көрінеді. Бұл заттардың көлемдерін бір-біріне салыстырып айқындауға болады. Білім алушылардың рухани-адамгершілік сезімдерін арттырып, оның пәнге деген қызығушылығын ынталандыру үшін білім беру үдерісінде кең көлемде көрнекті құралдарды пайдалану қажет, сабақты түрлендіріп өткізуді көздеп, даярланған бейнежазба материалдары тақырыптың мазмұнын ашуға септігін тигізеді.

Білім беру үдерісінде студенттерге рухани-адамгершілік тәрбие беру, ұлттың ерекшелігін насихаттау, елге деген сүйіспеншілігін арттыру, оларды жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу мақсатында еңбек ету - әрбір педагогтің міндеті. Қоғамдық қатынастар мен саяси-экономикалық саладағы өзгерістер тәуелсіз елдің білімді ұрпағын қайта тәрбиелеу қажеттілігін туындатады.

Өнер – ғасырлар қолтаңбасы, ата-бабалар тіршілігінің тірі куәгері, солардан қалған өшпес мұра. Солай екен, өнер алдағы уақытта да өз өрісін кеңейте түсері сөзсіз. Өйткені, көне түркі жазбаларының ескерткіштері есте өшпейді, тамыры тереңдеп, бұтақтарын кең жая бермек. Бұған ата-салтымыз бен дәстүріміздің қайта оралуы даңғыл жол ашып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд В.В. Соч.,5.-М.,1968.-С.45
- 2.«Орхон- Енисей ескерткіштері» бейнежазба материалы
3. Ертедегі қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Күлтегін (кіші жазу) Алматы, 1967,29 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Аналілі. 1991.

ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Сайдахметова Л.Т.
Қоңырбаева С.С.

Қазақстан Республикасының халыққа білім беру жөніндегі заң негіздерінде оқыту мен тәрбиелеудің басты принциптері: оқыту мен тәрбиенің бірлігі, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі мектептің отбасы мен жұртшылықтың өзара ынтымағы, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен байланысы. Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмысының нақты мазмұны мен методикасы осы принциптердің негізінде жасалады.

Отбасы - адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Себебі: адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Кәмілеттік жасқа толғаннан кейін де өзі отбасын құрып бөлек шықпайынша, туған ата-анасының қол астында, қамқорлығында болмақ. Демек, отбасы – негізгі қамқорлық мектебі.

Балаларды тәрбиелеу - өте күрделі, нәзікте жауапты іс. Әрбір тұлғаның тәрбиесі отбасынан басталады. Әрине отбасы белгілі бір ұлт өкілдерінің ошағы. Ондағы тәрбие сол ұлттық игі іс әрекеттер арқылы әдет ғұрыпқа айналып, ол әдеп болып негізделеді.

“Тәрбие бала дүниеге келген сәттен басталады” деген сөздің жаны бар. Бесік жыры, ана

әлдиін естіп өскен, халық дәстүрінде тәрбиеленген баладан туған халқын сүйетін дінін, тілін құрметтейтін мейрімді де, тәрбиелі азамат өсіп шығары анық.

Бүгінгі мектептердегі жүргізілетін тәрбиенің негізгі мақсаты да, мектептегі оқушының жас ерекшеліктеріне қарай құндылықтар маңызын санасына сіңіріп, осыған байланысты тәрбие түрлерін анықтау.

Педагог оқушыларды оқыта және тәрбиелей жүріп баланың қалай дамып келе жатқанын, оның түрлі қылықтарына түрткі болған себептерді ұдайы талдап отырады. Баланы тәрбиелеу, оның жеке бастық қасиетін қалыптастыру күнделікті өмірдің әр күнінде жүзеге асырылады. Баланың дамуына ықпал жасайтын факторлар өте көп. Балалармен тәрбие жұмысын жүргізгенде олардың бәрін ескерген жөн.

Егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Қазақ халқының өмірінде тәрбие жеке отбасының ғана мұраты болған емес, ұрпақ болашағы ежелден ортақ мүдде деп түсінілген. Біздің болашағымыз – өсіп келе жатқан жас өскіндер мен жас өспірімдер. Жас ұрпақ ел-тірегі, ертегіміздің кепілі деген сөз бар. Әсіресе, баланың эстетикалық, көркемдік талғамын ұштап ұлттық тәрбие беруіміз керек. Тіл ана сүтімен бала бойына дарып, мектеп атты ұяда дамып жетіледі. Онсыз бала мәңгірт болып елін-жерін сүймейді. Сусыз құрғақ жерге, таса көлеңкелі жерге дән тастағанмен өнбейтін сияқты, жас баланы біліммен сусындатып, бағып – күтпесек, көкірегін ашып, тәрбие бермесек өспейді, өнбейді. Баламен тіл табысып, оның бойына білім ұрығын себетін басты

тұлға – ұстаз. Ұстазы білімді болса ғана, осы ұлы мақсатқа - егеменді терезесі тең елге айналуға мойын бұрамыз. Қай қоғамда болмасын ұрпақ тәрбиесін алатын орны ерекше. Білім негізі бастауышта қаланады десек ұрпақ тәрбиесі алдында бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершілігі орасан зор. Күнде өзгеріс болып жатқан бүгінгі таңда халқымыздың арғы бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды біліп, қастерлеп, бүгінімізбен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрбір мұғалімнің азаматтық парызы.

Бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін - ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан оқытудың алғашқы сатысынан бастап, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, халықтық педагогиканы нәрлі қайнармен сусындату үшін ұстаздар қауымы ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негіздерін дұрыс қолдана білуі тиіс.

Баланың өмір тәжірбиесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл-насихат, өнеге-өсиет, әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәні бар болу керек. Ұрпағымызды ана тілін ардақтауға, ұлтымызды сақтауға, көтеруге, қазіргі өмірге қолдануға қолайсыз, тіпті теріс тәрбиелейтін қасиеттерден сақ болуға, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені әр адам – өз заманының баласы. Сол

себептен адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Қай қоғамда да тәрбие жөнінде талай ойшыл – педагогтар адам бойындағы теріс қылықтар мен жаман мінез-құлықтар әлеуметтік құрлыстың кемшіліктерінен туады... халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларын, тіршілік – күйін өзгерту керек, сонда адамның өзінде өзгереді, – деп тұжырымдаған. Сондықтан “туа жаман жоқ, жүре жаман бар”, “Заман түзелсе, жаман түзеледі”, – деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген.

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден бір парызы. Өйткені “Ес түзелмей, ел түзелмейді” олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында тал бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарына есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Оқушыларға жан-жақты білім, тәрбие беру мектеп атаулының басты міндеті орта, жоғары оқу орындары мен мектептен тыс мекемелер жүйесінде білім беру және тәрбие мақсатын жүзеге асыру үдерісін тұтас педагогикалық үдеріс немесе оқу тәрбие үдерісі деп атайды.

Білім беру мен тәрбие міндеттерін толық шешу үшін сабақ үстінде әрбір тақырып бойынша оқуды тәрбиемен үйлестіріп өткізу – оқу-тәрбие процесінің басты шарты.

Тәрбие процесі – бұл күрделі диалектикалық процесс. Тәрбие процесі әруақытта динамикалық (қозғалысты) жылжымалы болады. Сондықтан

педагогикалық ықпал бір балаға жағымды, ал екінші балаға теріс ықпал етеді. Осыған байланысты тәрбие процесінде жөн. Қазіргі педагогикалық теорияда тәрбие әдісі ұғымы әліде жете зерттелмеген мәселелердің бірі. Өйткені бұл жөнінде әр түрлі көзқарастардың бар екені байқалуда. Бұған көптеген авторлардың тәрбие әдісін берген анықтамалардың өзі-ақ дәлел бола алады.

Оқу-тәрбие үдерісін бір - бірінен бөліп қарауға болмайды олар өзара тығыз байланысты. Тәрбиені күнделікті сабақта оқушының бойына сіңіреміз. Оқу мен тәрбие егіз. Ұстаз бастауыш сыныпта әрі мұғалім, әрі сол сыныптың жетекшісі. Бала шыбық, қалай исең солай майысады, оны тәрбиелеп, мінсіз азамат етіп жеткізудің кілті бірінші - ұстаз, екінші - ата-ана.

Аса көрнекті педагог В.А. Сухомлинский адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін шын мектеп - отбасы дейді. Мұғалім оқушыларға күнделікті сабақта тәрбиені бойына сіңіреді. Баланың қалай болып өсетіні ары бар және адал қызметкер жақсы адам, жер бетіндегі жақсылық атаулы үшін күрескер болып шығатыны немесе ұсақшыл, өзімшіл тіпті ашықтан - ашық адам зұлым адам болып өсетіні көп ретте мұғалімнің балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістеріне байланысты.

Ата-ана баланы халықтық салт-дәстүрлердің отбасында сақталуына жол беріп, дәріптеп отырғаны жөн. Отбасылық қуаныштарда, ағайын туыспен араласқанда, құда-жекжат шақырысқанда, ұлттық және діни мерекелерді тойлағанда жол-жоралғы,

әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің орындалуына мән бергені жақсы. Баланың ұлттық құндылығымыз бен мәдениетімізге құрмет қалыптастырудың бірден-бір жолы: ата-ананың баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған-туыс, ел-жұрт, халық, ұлт, туған жер, Отан, Қазақстан, мемлекеттік ту, әнұран, елтаңба сияқты ұғымдарды терең түсініп, құрметпен қарауға үнемі насихаттап отыру. Сондай-ақ, діни ұғымдарға да түсінік беріп, имандылық негіздерін отбасында ұғындыру шарт.

Отбасы иелері талапты тек балаға қоюмен шектелсе, тәрбие ісі жемісті бола алмайды. Ата-ананың жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата-ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың білім мен тәрбие алуына, қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауы үшін әрбір ата-ана педагогикалық әдіс-тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

Мектеп оқушыларының басты іс-әрекеті - білім алу, танымдық мүмкіндіктерін арттыру, қабілеттерін дамыту. Бұлармен бірге қоғамдық іс-шараларға белсенді қатынасуы, өзіне қызмет етуі, үй шаруасына көмектесу секілді іс-әрекеттер бар. Ұстаздар мен ата-аналар басқа да ересек адамдардың басты міндеті осыларға отаншылдық сипат беру. Басқаша айтқанда оқушының жеке басының мүддесін ұлттық, отан, мемлекет, халық мүддесімен ұштастырып отыру. Бұл ретте, А.Кенжалин мысалға келтірген немістердің 11 қағидасының негізінде үлгі жасап, негізге алу бүгінгі күні отаншылдыққа тәрбиеле мен отбасындағы ата-ананың тәрбие барысындағы өзекті мәселесін шешуге көмектесер

еді. Біз мұны, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып былайша жүзеге асыру ықтимал деген ойдамыз:

1. Мына қағиданы жаттап ал! Береке-бірлік пен өзін-өзі білуге ұмтылу әр қазақ ұстанатын басты идея болуы керек.

2. Береке-бірліктің басы өз-ара ана тілінде сөйлеу: отбасында, сыныптас, дос жолдастарыңмен қазақша сөйлес;

3. Балалар мен жастар мұзыкаға құмар: өз жан дүниенді қазақ музыкасымен байытуға ұмтыл;

4. Басқаларға еліктеме, өз салт-дәстүрінді ұстан. Ол: үлкендерге ізет құрмет, кішіге мейрімді болудан басталады.

5. Ұлттық сипат отбасынан басталады, қазақстанда шыққан шайді, қазақша кесеге құйып іші, үйдегі ит, мысық, папугай т.б. жануарларға қазақша ат қой.

6. Өз ұлтыңның тарихын, әдебиетін оқып үйренуге ұмтыл. Ол әлемдегі ешбір халықтың тарихы мен мәдениетінен кем емес, тіпті, кейбір тұстары артық.

7. Өзіңнің қазақ ұлтының өкілі екенінді ұмытпа. Жақсылықты алдымен қазаққа істе.

8. Жақсы оқып білімді болуға, әр нәрсені үйреніп, өнерлі болуға әрекеттен, бұл алдымен өз басыңа одан соң отбасыңа, одан барып халқыңа, отаныңа пайда.

9. Телевизор, радиодан қазақ тіліндегі хабарларды көріп, тыңда.

10. Қазақ халқы ұлы мәдениетке ие ежелгі халық, бұқпантайлап қорықпай, жасқанбай еңсеңді биік ұста.

Бұдан басқа да көптеген қағидалар шығаруға болады, біз оның кейбіреулерін ғана келтірдік. Сынып жетекшілері мен ата-ана осыларды балаларға түсіндіріп, балалардың өз ойларын тыңдап, толықтырулар енгізе отырып, сынып бұрышына жазып іліп қойғаны абзал.

Осы қойылған талаптарды орындаудың өзін бейбітшілікте әр тұлғаның отаншылдығын көрсететін уәзіні деп қарауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмадуллаева А.А. Отбасы некелік тәрбие негізі –Алматы: Нұр прес. 2008. -146 б.

2. Ковалев С.В. Психология семейных отношений. –М: Педагогика, 1987. -159б.

3. Қоңырбаева С.С. Жастарды отбасылық өмірге даярлаудағы этномәдени құндылықтар мәселесі // ҚПҒА хабаршысы -2012. № 5. - 51-56 б.

4. Қоңырбаева С.С. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылық сапарлар // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. -2010. N5-6. -59-61 б.

5. Кенжалин Ж. Ұлт туралы ойлағанда //Ақиқат. 2007. N7, -19-27б.

МЕКТЕП ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

Садыкова М.А.
Хасенова Ж.Қ.

Бұл мақалада мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектеп тәрбие жүйесін құрудың принциптері мен шарттары туралы мәселелер қарастырылған.

Қоғам өркендеп, мемлекетіміз дамығанымен тәні сау, жаны азған жастардың көбеюі ата-ана, мектеп тәрбиесінің кемістігінің айғағы. Жас ұрпақ жанұя тәрбиесінен бастау алып, одан әрі мектеп тәрбиесімен жалғасады. Сондықтан білім берудің мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғарғы оқу орындарында саналы жастарды тәрбиелеу, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру қалыптасуы тиіс. Осыған орай, білім беру мекемелерінде тәрбие берудің жаңа әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру, басқару, басшылық жасау жұмыстары қарастырылып, тәрбие бағытының жан-жақты салалары қамтылуда. Әсіресе, жас ұрпақтың тәрбиесінде негізгі орын алатын мектеп тәрбие жұмысы жүйесінің дұрыс жасалуы, нақты, қажетті бағытта ұйымдастырылуы, оған сауатты, тәрбиелі, іскер, қабілетті мамандардың басшылық жасауы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінің ерекшелігін арттырады.

Мектеп тәрбие жұмысы төмендегі негізде құрылған жағдайда ғана нәтижелі болады:

- аудан, қала, мемлекет мектеп тәрбие жүйесінің тұжырымдамалары;
- тәрбиелеудің қазіргі принциптері;
- сынып ұжымының тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыруды есепке алу;
- сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке алу;
- сынып оқушыларының ата-аналарының контингенттік ерекшеліктерін есепке алу;
- оқушыларды тәрбиелеу үрдісіне жауапты адамның жетік білушілігі.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп тәрбие жүйесін құруда қазіргі жағдайдағы оқушыларды тәрбиелеудің негізгі принциптерін білгені абзал.

Әлеуметтік белсенділік принципі

Тәрбиелеу принципін талдағанда, тәрбиелеудің нәтижелерінің үнемі немқұрайды сипатта болатыны түсінікті болды. Оқушыларға үнемі оқушылар тарапынан өзіндік ойлау мен талдауды талап етпейтін дайын нормалар мен құндылықтар ұсынылды. Бұл ересектің жақсы және өнегелі айтқан мінез-құлық құндылықтарының оқушы үшін жиі мәнсіздігіне және күйзелмеуіне әсер етті.

Бүгінде ересектердің ықпалынсыз өзгертілген жағдайларды жан-жақты талдаулардың нәтижесінде өзіндік ұстанымын белсенді түрде өзгертуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру қажет.

Әлеуметтік белсенділік принципі адамның ішкі және сыртқы мәдениетін, ойлаудың жан-

жақтылық және демократиялық сенімдерін қалыптастырады.

Дәлелділік принципі

Сыныптан тыс іс-шараларға дайындық жүруде. Мектепте филармониялық концерт болуы керек. Сынып жетекшілері оқушыларды зорлықпен іс-шараға қатысуға тартуда. Әртістер сахнада не өтетіндігін көрсетіп тұрған балаларға аса қиындық танытып қарауда.

Мұндай іс-шара кімге керек? Ол оқушы жанында және жүрегінде қандай әсер қалдырады? Сондықтан да дәлелділік принципі тәрбиелеудің ең негізгі “себуге арналған топырақты дайындау мен қайырымды көктеуді алумен пара-пар” принциптерінің бірі болып табылады. Бала өзіне ересектердің дайындаған ақпаратына дайын болып, оны қабылдап қана қоймай, болып жатқан істерге күйзеліс таныту, шешім қабылдау, сұрақ қойып оған өзіндік жауабын да ұсынуы тиіс.

Күрделі мәселелік принципі

Оқушыға өзекті және оның дайын жауаптарын іздеуде оқушы үшін қандай іс-шара қызықты? Сөзсіз, балалардың қай жасында болмасын қойылған сұрақтардың дайын жауаптарына қарағанда шешімдер, жауаптар, өздерінің гипотезаларын тексеру жолдарын іздестірумен айналысу аса қызықты.

Тәрбиелеудегі күрделі мәселелік принципі оқушының құмарлығын оятып, шындыққа жетудің өзіндік ынтасын және оларға сұрақ қоюды үйретуі тиіс.

Тұлғалылық принципі

Сыныпта «Сен ол сияқты болуың керек...» деген тіркестер жиі естіледі. Бірақ бала біреу сияқты емес, ол өзімен-өзі болуы керек емес пе? Балалардың бірдей ойлауы және өз ой-пікірін бірдей білдіруі, топ болып қуанып, топ болып жылайтын тәрбиелеу жүйесі өте қауіпті болып табылады.

Ойластырылған тәрбиелеу жүйесі оқушыларды тәрбиелеуді мұғалімнің күні бұрын дайындаған тұлғалық жоспары бойынша емес, әрбір нақты тұлғаның тұлғалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып жүргізуді ұсынады.

Әлеуметтік шығармашылық принципі

Кейде мұғалімнен «Жаңа ғана ол сынып алдында кешірім сұрап еді, бес минут өтпей жатып, ол сол ісін қайта жасады» дегенді де естуіңіз мүмкін. Бұл не? Тәрбиелеу үшін жоғалған бала немесе балаларды тәрбиелеудің заңдарын меңгермеген ересек пе? Бала сыныптан не үшін кешірім сұрады - ол өз қателігін түсінді ме әлде оны өз қателігін мойындауға мәжбүрледі ме? Оқушының істейтін іс-әрекеті ересектердің немесе сыныптастарының зорлығымен емес, ойланып жасалынуы тиіс. Бала өзінің іс-әрекеттерін саналы ұғыну мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Ұжымнан асығыс кінәлаушылықты, ал баладан асығыс мойындауды талап етуге болмайды. Бұл баланың сөзі мен іс-әрекетінде жауапсыздықты қалыптастырады.

Тұлға мен ұжымның әрекеттестік принципі

Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлағанда, мектеп ересек адамдар қолындағы «қуыршақ

театры» болмауы тиіс. Мектеп пен сыныптағы тәрбие жүйесінің ең басты принципі ретінде ұжымдағы ересектер мен балалардың тең құқықтылығын, олардың ой-пікірлері мен іс-әрекеттерін қарастырғаны жөн. Демек, балалар ұжымының тыныс-тіршілігі ересектердің ойынына айналмай, балалардың өздерінің маңызды және қажетті іс-әрекеті болуы тиіс.

Тәрбиелеуді дамытушылық принципі

Тәрбиелеуді дамытушылық принципі оқушының белсенді өмірінің айқындамасын қалыптастырады. Оқушының тұлғалық құрылымының дамуында оның ұжымы айрықша орынға ие болуы қажет. Егер ұжымда оқушы қажеттілігі артса, егер ұжым әрбір баланың мүмкіндіктері мен қабілеттерін танытуға жағдай жасаса, онда оқушы өзінің ұжымдағы тұлғалық қасиетін таныта бастайды.

Тәрбиелеу үрдісіндегі тұтастылық принципі

Тәрбиелеу үрдісі – бұл өнегелілік, жанұялық және тәрбиелеудің басқа да түрлерінен құралған іс-әрекеттер бағыттарының жиынтығы емес. Бұл адамды қалыптастырудың бүтін және біртұтас үрдісі. Сынып жетекшісінің сыныпта өткізетін әрбір іс-шарасында этика, эстетика, еңбек күші сезіліп тұрады. Сыныпта өткізілетін ұжымдық іс көп бағытты болуға міндетті.

Білім беру және тәрбиелеу ортасының бірлігі принципі

«Бала тәрбиесімен айналыспаған мектеп кінәлі», «Мектеп қанша тырысса да, жанұясында көрініс таппайды, біз баланы тәрбиелей алмаймыз»

деген сөз тіркестерін жиі естуге болады. Неліктен бұлай болады? Өйткені тәрбиелеу үрдісі үнемі балаға әсер ететін ата-аналар, мектеп, әлеумет, олардың достары арасындағы жарысқа айналуға. Бүгінде тәрбиелеудің ең басты принципі біртұтас тәрбиелеу ортасын құру принципі болып табылады, оның міндеті баланың негізгі қажеттіліктерін дамыту:

- физиологиялық;
- қауіпсіздік;
- махаббат, сыйластық, мойындау және ұнату;
- танымдық;
- өзіндік қызығушылықтарын танытудың қанағаттанарлық құқығы;
- еңбекте және маңызды қызметте;
- шығармашылық қызметте;
- өзіндік пайымдау мен өзіндік бағалауда;
- өзіндік ойлау үрдісі және қоршаған әлем оқиғалары.

Біртұтас білім беру-тәрбиелеу ортасы оның барлық қатысушыларын тәрбие үрдісін бақылау, белсенді түрде тікелей әрекеттестікке енгізуді болжайды.

Жетекші қызметке тірек принципі

Тәрбие жүйесінің жоспарын талдағанда, мектептегі тәрбие жүйесін жоспарлау және құруда мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тәрбие үрдісінің баланың әрбір жас ерекшеліктерінің даму сатысындағы жетекші қызметін есепке алуға міндетті. Мысалы, жасөспірімдерде қарым-қатынас басты жетекші

қызмет болып табылады, олар қарым-қатынас тапшылығын көріп отыр, олар қарым-қатынас, пікір алысу барысында өздерінің ғылыми болжамдарын, көзқарастарын танытқысы келеді. Сынып жетекшісі мұны аталған жас ерекшелік кезеңіндегі балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және түрлерін анықтағанда ескеруі керек.

Аталған принциптерге негізделіп құрылған тәрбие жұмысы сөзсіз нәтижелі болады. Алайда тәрбие үрдісінің көшбасындағы мұғалімдер үнемі жас ерекшелік және бала психологиясы сұрақтарын нақты білуі, өзінің кәсіби деңгейін көтеруі, өзінің мүмкіндіктерін және дағдыларын үйренуі керек. Егер мұғалім өзінің дағдылары мен шеберлігін жетілгендіктің шегі деп есептесе, онда ешқандай да тәрбие жүйесі табысты болмайды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өзінің күш-жігерін мектеп тәрбие жүйесінің құрылуына, оның іс-әрекеттерінің бағыттарына жұмсауы тиіс.

Көп жылдар бойы мектептегі тәрбие жүйесі мемлекет тарапынан толық басқару негізінде құрылып келді. Мұндай тәрбиені толық түрде нұсқаумен құрылған деп санауға болады. Ол оқушының толығымен ересекке бағыныштылығын болжады, оқушылардың ересектермен, достарымен және өзі-өзімен қарым-қатынас барысында оларға арқа сүйеу қабілеттерін тудырады.

Қазіргі тәрбие жүйесі оқушының өзіндік дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған ересектер мен балалардың келісім идеяларынан туындайды. Тәрбие жүйесі - адамның өзіне деген

сүйіспеншілігін тудыруға, өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті және жауапты тұлғаны қалыптастырудың негізі.

Мектептегі тәрбие жүйесін құрудың шарттары

Біріншіден, бұл сынып жетекшілерінің және барлық тәрбие үдерісімен айналысатындардың педагогикалық өз бетімен жұмыс істеуін кеңейту, педагогикалық бастамаларға қолдау көрсету, тәрбиешінің тұлғалық ерекшелігі, балалармен жұмыс жасауда өзінің жақсы қасиеттерін таныту ынтасы кіреді. Кей жағдайда тәрбие жүйесі сынып жетекшісінің басқаның бұйрығын орындағанда қағаз жүзінде жүргізіледі, ал оның дағдылары және іске деген шығармашылық әдістері талап етілмейді және мектеп әкімшілігінің қызығушылығын тудырмайды. Сынып жетекшісі өзінің бастамаларына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан қолдау көрсету құқығына ие болуы тиіс.

Екіншіден, сынып жетекшілердің, тәрбиешілер мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әрекеттестігінің тиімділігі. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сынып жетекшілерінің жеткен табыстарын көруі, өзінің әріптестерінің жетістіктерін бағалауы, балалар ұжымымен жүргізілетін жұмыста олардың аралық оң нәтижелерін төмен болса да көрсетуі тиіс.

Үшіншіден, барлық педагогикалық ұжымның бірлескен күш-жігері. Мектеп тәрбие жүйесінің мәні оның біртұтас бейнесін: өткені, қазіргісі және болашағы туралы елестетіледі.

Төртіншіден, мұғалімдердің тәрбиелік күш-жігерін тексеру және түзету тірегі. Тәрбиелеудің әрбір табысы немесе сәтсіздігі педагогикалық ұжымның барлық мүшелері тарапынан мұқият талдануы тиіс, әйтпесе оқушылардың тәрбиесі сынақ жүргізу алаңына айналуы мүмкін.

Бесіншіден, оқушыларды өмір заңдылығына өз бетінше жете отырып өмір сүруге үйрету. Мұғалімдер балалардың өміріне жетекшілік етпей, оларды минут,сағат сайын бақыламай, өздік және өз ұйымдарын көрсетуге үйретуі тиіс. Балалар бірлесе істеген іс-әрекетте өз өмірін жоспарлауға және шешім қабылдауға үйренуі, сәтсіздіктерге шыдамдылық танытуы және қиындықтармен күресе білуі, өзінің табысы мен сыныптастарының табыстарына қуана білуі, жалпы қиыншылықтар мен қуаныштарды көтере білуі тиіс.

Алтыншыдан, оқушылардың дені сау құлықтылық және физиологиялық рухын қалыптастыру. Нарықтық қарым-қатынас, тұлғалық амандық үшін күрестің асқынуы, құлықтылық құндылықтардың мәнін жоғалтпауы тиіс. Мектеп тәрбие жүйесінің негізгі міндеті оқушылармен өзара қарым-қатынас жасау, оқушылардың түсінігінде және ісіндегі мінез-құлық тірегін қалыптастыру.

Жетіншіден, зорлық көрсетпеу және әшкерелеу принциптеріне басшылық ету. Қарым-қатынастардағы дәстүрлер өзара келісімге, ересектер мен балалардың оң қабылдауына, сенім әрекеттестігінің құрылуына міндетті.

Сегізіншіден, оқушылардың жанұя және әлеумет әрекеттестігінің болуы. Әлеуметпен әрекеттестік оқушылар әлеуметтік құндылықтарды, әлемдік көзқарас ұстанымдарды, қоғамның мәдени және рухани құндылықтарын игергенде ғана жүзеге асады. Мектеп пен әлеуметтің әрекеттестігі бір жағынан мектептің ішкі әсер етуінің ашылуына қолұшын берсе, екінші жағынан біреудің әсерінсіз мұғалімдердің мектеп тәрбие жүйесінің мақсат, міндеттерін, мазмұнын, түрлері мен әдістерін өз бетінше айқындауға септігін тигізетін еркіндік талабына алып келді.

Жанұямен бірлескен әрекеттестік мектептің оқу тәрбие үдерісіне және олардың педагогикалық және психологиялық мәдениетін көтеруге ата-аналардың қатыстыруға негізделген. Көп мектептерде ата-аналармен әрекеттестік ең бастапқыда оқушыға әсер етуі болжанады. Бұл оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың өзара қарым қатынасының сенімсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Демек, мектеп тәрбие жүйесін құра отырып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқушылар тәрбиелеу үдерісін шығармашылық және мазмұнды тұрғыда ұйымдастыруда көптеген жайттар мен талаптарды есепке алуға міндетті.

Пайдаланған әдебиеттер

1.Этнопедагогика мен этнопсихология негізінде қазақ мектептеріндегі оқу- тәрбие процесін қайта құрудың кейбір мәселелері // Этнопсихология және этнопедагогика. Екінші жинақ. Ғылыми- әдістемелік. Алматы, 1996 ж.

2. Галкина Т.И. «Справочник современного заместителя директора школы по воспитательной работе», Москва, 2008 ж

3. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті халық үшін» ҚР Елбасының Жолдауы. «Жетісу» газеті №34.

4 .З.Ахметова «Шуақты күндер» Естелік, эссе. Алматы. Жалын. 1987 264 б.

5.Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырдағы білім мен тәрбие беру» республикалық үздік шығармалар жинағы. Астана 2001-2002ж.

5. «Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Алматы 2017ж.

ЖАСТҮРІКТЕРДІҢ БІЛІМ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Қанат Базарбаев
Үсенбек Рахмет**

Жастүріктердің «Бірлік және Даму» партиясы билік басына келген соң бағдарламалық құжаттарында халық ағарту мәселелерін қарастырды. Көптеген газеттік мақалалар мен кітапшаларда халық ағартуды жан-жақты дамыту жөнінде ойлар айтылып, халықтың санасына сіңіру себептері көрсетіле бастады. Жан-жақты дамудың басты қаруы ретінде халық ағартуды дамыту идеясы осы кезеңде түрік зиялыларының арасында кең таралып, жастүріктер үкіметі бастауыш мектептермен бірге толық емес орта мектептерді дамытуға көңіл бөле бастады. 1910 ж. мектептердің бағдарламаларын қайта қарау жөніндегі комиссия құрды. Идадие мектептерінде бастауыш мектептердегі сияқты білікті мұғалім кадрлар жетіспеді. Яғни, Түркияда мектеп бағдарламалары дәстүрлі мұсылмандық мектептерден қол үзе бастағанымен, мұғалім кадрлардың тапшылығы айқын сезіле берді. Бірқатар ірі қалаларда, уәлаят орталықтарында идадие мектептерінің базасында лицейлер ашу қолға алынды.

Жастүріктердің 1908 ж. революциядан соң мектеп ісінде атқарған шаралардың бірі қыздарды оқыту мәселесіндегі жетістіктерді айтуға болады. Жастүріктер революциясына дейін мұсылман қыздары тек бастауыш білім алуға құқылы болғандығын ескерер болсақ, онда реформаның әйел

теңдігі мәселенің түбегейлі шешуге бағыт алғандығын аңғаруға болады.

Білім беру ісіндегі жастүріктер үкіметінің реформалары университет саласын да қамтыды. Революциядан соң іле-шала университеттердің факультеттерінің жаңа бағдарламасы жасалды және ол оқу бағдарламалары біліктілігін көтеретін жаңа пәндермен толықтырылды. Революциядан кейінгі кезеңдерде университеттер өз студенттерін Еуропаға тәжірибеден өтуге жібере бастады. Осылайшы мектеп жүйесін кадрлармен қамтамасыз етуге 1908 жылдан кейін кең түрде көңіл бөліне бастады. Стамбулда педагогикалық оқу орындарының көптеп ашыла бастауы жаңа үлгідегі мектептердегі кадр тапшылығы мәселесін біршама шеше алды.

Жастүріктер революциясы халық ағарту саласына да жаңа серпін әкелді. Сол оқиға куәгерлерінің бірі «1909 ж. саяси өмірдегі алға басулар қазірдің өзінде мектеп ісінде өз жемісін беруде» [1, 101], – деп жазды.

Революциядан кейінгі Түркияны аралаған француз зерттеушісі Луи Бертран түрік мектептеріндегі үлкен өзгерістерді байқаған. Ол ағарту саласындағы жаңару рухы тәрбиеленушілердің ғана емес, сонымен бірге оқытушылар мен профессорлардың арасында кең қанат жайғандығын, олар барлық күштерін жаңа мектеп құрылысын жандандыруға жұмсайтындығын жазады [1,203].

Бұл идеялардың халықтың арасына кең тарауына 1895–1901 жж. жарық көрген «Сервет-и-фииун» («Білім байлығы») журналының төңірегіне топтасқан «жаңа әдебиет қайраткерлері» үлкен рөл

атқарды. Бұл миссияны революциядан кейін құрылған «Феджр-и Ати» («Звезда грядущего») қоғамы жалғастырды. Дегенмен, реформаны іске асыруда ұлтаралық қатынастар мәселесін реттеуге қатысты шиеленістер де орын алды. Сондай жаңсақ қадамдардың бірі ретінде атап айтатын мәселе, революциядан соң жастүріктер басшылығы түрік мектептері мен аз ұлттардың мектептерін біртұтас үкіметтік басшылықпен біріктіруге тырысты. Жастүріктердің аз ұлттардың дәстүрлі мектептерінің дербестігін жоюға ұмтылған бұндай ашық саясаты Осман империясының «біртұтастығы мен бөлшектенбейтіндігін» сақтап қалу бағытынан туындады. Жастүріктердің империя құрамындағы басқа ұлттарды ассимиляциялау арқылы түркілендіру жөніндегі бұндай орынсөз саясаты реформа қағидаларына сай келмегендіктен елдегі зиялы қауым тарапынан қарсылыққа тап болды.

Күрделі ішкі саяси күрес және Түркияның ауыр халықаралық жағдайына байланысты жастүріктердің осы бастапқы жоспарынан бас тартып, бастауыш мектептерде христиандар мен мұсылмандарды бөлектеп оқыту қағидасын бекітуге мәжбүр етті. Жастүріктер партиясының 1913 ж. қабылданған бағдарламасында барлық бастауыш және екінші басқыш мектептерде түрік тілін оқыту міндетті, бірақ оқыту ана тілінде де жүргізілуі мүмкін [1,106] деген қағида осындай ымырагершіліктен туындаған еді.

Халық ағарту мәселесінің заңдық негізін жасау мәжілісте бірнеше рет қызу талқылауға негіз болды. Дегенмен, мектепке қатысты жаңа заңның

қабылданбауына мәжілістің өз ішіндегі Осман империясын орталықтандыру, орталықсыздандыру және федерациялық құрылымға біріктіру сияқты күрделі мәселелерге қатысты алауыздықтар себеп болды. Мәжілісте бекітілмеген заң жобасы 1913 ж. 23 қыркүйегінде «Бастауыш білім беру туралы уақытша заң» түрінде үкіметтің бұйрығымен қолданысқа енгізілді. Жаңадан енгізілген заң мемлекеттік мектептерде бастауыш білім беру міндетті және тегін екендігі мәлімдеді. Осы заңда бастауыш оқытудың мынадай бағдарламасы бекітілді: дінтану сабақтары (мұсылман мектептерінде Құран және т.б. ал басқа дінді ұйымдастыруға арналған мектептерде өздерінің діни пәндері), ана тілінде оқу және жазу, түрік тілі, есеп және геометрия, география және тарих (*негізінен Осман империясының тарихы*) және жаратылыстану, экономика, әскери іс пәндері. 1913 ж. заң тек бастауыш мектепті ғана реформалауға арналды. Дегенмен, 1914 ж. дүниежүзілік соғыстың басталуы едәуір қаржыны қажет ететін бұл заңның іске асуына тежеу болды. Осы заңға дейін елдегі білім беру жүйесі 1869 ж. қабылданған заң және одан кейінгі енгізілген нұсқаулар негізінде құрылған болатын.

Жастүріктер революциясынан соң алғашқы жылдары үкімет білім беру саласына едәуір қаржы бөле алды. Революцияға дейінгі жылдары білім беруге 100–200 мың лира аралығында қаржы бөлінсе, 1908 ж. бюджеттен осы салаға 442 мың лира, 1910 ж. 946 мың, ал 1912 жылы 1 млн 148 мың лира бөлді. Білім беру саласына жұмсалған қаржы үнемі артып отырғанымен оның бюджеттегі үлесі 2–2,5%-ды ғана құрады [2, 241].

Х.А.Южельдің атап көрсеткеніндей идадие мектептеріне арналған программа жаман емес, дегенмен ол қалай іске асырылады және оны кім іске асырады деген мәселе шешілмей қалды [2, 39]. Жастүріктер үкіметі, соның ішінде білім министрі Эмрулах эфенди революцияға дейін тек Галатасарай және Дарюшшефак лицейлері ғана толық орта білім беру жүйесін кеңейтуге баса мән берген. Осы Эмрулах эфендидің бастамасымен бірқатар ірі қалаларда, уәлаят орталықтарында идадие мектептерінің базасында лицейлер ашу қолға алынды. 1910–13 жж. жасалынған толық орта мектептер лицейлерінің бағдарламасы 1902 ж. француз лицейлерінің бағдарламасын негізге алды және ондағы оқыту 12 жылды құрады. I дүниежүзілік соғыс жылдарында Түркияның Самсун, Адене, Ескишехир, Анталья, Амасья, Кютахье және тағы басқа қалаларда 11 лицей ашылды, оның 3-еуі қыздарға арналды.

Университеттердің дамуының маңызды көрсеткіші студенттер қабылдаудың артуынан болды. Егер заң мектебі жылына 40–60 адам бітірсе, 1909 ж. заң факультетін 307, 1914 ж. 256 түлек бітірді. Сол сияқты бұрын жылына 30–40 түлек бітірген медицина факультетін 275, ал 1914 ж. 375 адам бітірді[3, 80].

Революциядан соңғы уақыттарда Стамбулда ашылған университеттер өз түлектерін шет елдерге тәжірибеден өтуге жібере бастады. Сонымен бірге түрік үкіметі 1912 ж. бастап Стамбул университетіне көптеген неміс профессорларын оқытушылыққа шақырды. Осы жылы университеттің 3 факультетінде

20 неміс профессоры жұмыс істеген [4,65]. 1908 жылдан соң ғана арнаулы білім ошақтарындағы кадр жетіспеушілік мәселесі біртіндеп шешімін таба бастады. Стамбулдағы Ерлер педагогикалық училищесінің дамуына оның директоры көрнекті түрік ағартушысы Саты-бей үлкен үлес қосты (*Саты-бей педагогикадан II томдық еңбектің авторы. Ол еңбегінде француз ғалымдарының еңбегін кеңінен пайдаланған*). Академик В.А.Гордлевский «Учительская семинария в Стамбуле» еңбегінде осы училищені жастүріктердің мақтанышы деп атады. Стамбулда оқу орындарының көбеюі мектептерде кадр тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік тудырды.

Билікті өз қолдарына алған жастүріктер елдің ішкі саясатында бірқатар реформаларды іске асыруды қолға алды. Түрік армиясын қайта құрып, оған германдық әскери жүйені енгізді. Әскери реформа генерал фон Дар Голстың ұсыныстары бойынша жүргізілді. Ал елге қазіргі заманғы қару-жарақтар германдық фирмалардан жеткізілді. Сол сияқты жастүріктер жандармерия мен полицияның құрылымдарын да қайта жасақтады. Бір таңғаларлығы, елде шешілмей жатқан әлеуметтік және ұлттық мәселелердің көптігіне қарамастан жастүріктер өздерінің тірегі болған әскер мен қуғындау және жазалау органдарын нығайтумен айналысты.

Жастүріктер Абдулхамит билігіне қарсы күресте шаруалардың жағдайын жақсартуға уәде еткенімен революцияның жеңісінен соң ол уәделерін орындай алмады. Дегенмен, 1913–1914 жж. аграрлық

мәселені реттеуге байланысты бірқатар заңдар қабылдай алды. Әйтсе де I дүниежүзілік соғыстың басталуы бұл реформаның іске асуына мүмкіндік бермеді.

Жастүріктердің білім беру жүйесін реформалаудағы әрекеті сыртқы басқыншылық саясат пен ішкі саяси алауыздықтар салдарынан өте қиыншылықпен іске асты. Дегенмен, елдің экономикалық жағдайын күйзелткен I дүниежүзілік соғыс бұхара халықтың қайыршылануына алып келді. Соның салдарынан білім беру саласының барлық буындарында да құлдырау үдерісі жүріп жатты. I дүниежүзілік соғыстан соң құрылған Түркия үкіметі жастүріктердің білім саласындағы реформаларын одан әрі жалғастыруының сабақтастық мәні үлкен болды. Осындай жетістіктерге қарамастан сыртқы күштер жастүріктер қозғалысының күйреуіне себеп болды.

1908 ж. жастүріктердің төңкерісіне түрткі болған себептерді төңкерістен бұрынғы кезендерден іздеу керек. Негізінен төңкеріс ұзаққа созылған қозғалыстардың нәтижесінде орын алды. Сондықтан да төңкерістің бастауын II Абдулхамид сұлтан патшалық құрған жылдарға дейін, яғни XIX ғ. орта тұсынан қарастыру керек. XIX ғ. өз тарихында тек осы төңкерісті ғана емес, сондай-ақ Осман тарихы мен Еуропа тарихы тұрғысынан алғанда да көптеген айтулы оқиғалар мен өзгерістерді басынан өткізген тарихи кезең болды. Жалпы алғанда, XIX ғ. Батыс Еуропада орын алған өзгерістер Осман мемлекетіне қатты әсер етіп, олардың үлгісіндегі жаңару әрекеттерінің басталуына және осы әрекеттердің

нәтижесінде жастүріктер қозғалысының тууына түркі болды. Бұл үдеріс 1908 ж. төңкеріспен аяқталды.

Негізінен тақырыпты Батыс Еуропа құрлығында орын алған ағартушылық (XVII-XVIII ғғ.), француз төңкерісі (XVIII ғ.) және өндірістік төңкеріс (XIX ғ.) сияқты философиялық, саяси және экономикалық үш маңызды өзгерістердің нәтижесінен бастау керек. Ағартушылық философиясы өз кезегінде «ғылым мен саясаттың» дамуына, француз төңкерісі «жаңа ұлт, мемлекет және армияның» құрылуына, ал өндірістік төңкеріс «экономикалық» жетістіктерге жол ашты. Сөйтіп Батыс Еуропа өзге елдер мен ұлттардың ішінде үлкен басымдыққа ие болды. Осы үдерістің нәтижесінде Батыс Еуропадағы Англия, Франция, Австрия, Германия және Италия сияқты алпауыт мемлекеттердің түпкі мақсатына айналған отарлау саясаты әлемнің өзге аймақтары мен халықтарына айтарлықтай деңгейде қауіп төндірді [5, 39].

Осы отаршыл мемлекеттердің қысымына қарсы тұра алмаған аймақтардың біраз бөлігі тікелей, ал қалғандары жанама түрде олардың отарына айналды. Осы іс-әрекетпен жаулап алынған жерлердегі халықтар қатты зорлық-зомбылыққа ұшырап, жергілікті мәдениеттер мен әдет-ғұрыптарды жан-жаққа шашыратып, жерасты пайдалы қазбаларына және жерүсті байлығына иелік етіп аяусыз қанады. Батыс Еуропаның құлашын ұзаққа сермеген жаулап алушылық әрекеттерінің әсерін жер бетінде сезінбеген ел қалмады. Батыс Еуропаның отарлау саясатына Осман мемлекетінен бастап Қытай, Жапония және Иран сияқты елдер

мемлекеттік және әскери жүйелерімен қарсы тұра алмайтындықтарын сезінгендіктен, тығырықтан шығудың жолын өздеріне Батыс Еуропаны үлгі етуден іздеді. Осы орайда тиісті мемлекеттердің Батыс Еуропа үлгісіндегі жаңару әрекеттерінің шамамен бір уақытқа сәйкес келуі және бұл әрекеттердің мазмұнының бір-бірімен байланысты болуы кездейсоқтық жағдай емес. Бұлардың барлығы ол елдерді ортақ қауіп-қатерлерге әкеліп соқтырды [6, 39].

Көпұлтты Осман империясында XIX ғ. өзінде көптеген азаттық қозғалыстар орын алған. Дегенмен, ол азаттық қозғалыстар езгідегі сербтер, гректер және болгар т.б. күресі еді. Ал 1908 ж. сұлтанның жеке дара билігіне қарсы күреске алғаш рет түрік халқы көтерілді. Демек, жастүріктер революциясы түрік халқының саяси оянуына жол салған алғашқы революция болды. 1908 ж. көтеріліс түрік халқының күшті және әлсіз жақтарын көрсетіп берді, оны жаңа және барынша табысты бой көтерулерге дайындай алды. Жастүріктер революциясы осы тұрғыдан алғанда Абдулхамиттің билігін жойды. Конституцияны қалпына келтірді. Қоғамдық өмірге жаңа серпін алып келді. 1908 ж. Түрік революциясының тарихи рөлі оның жеңілісінде емес, осы аталған жетістіктерінде еді. Жастүріктер революциясын белгілі бір тарихи кезеңді қорытындылаушы құбылыс деп емес, керісінше, Түркия тарихының жаңа кезеңіне жол сілтеуші құбылыс ретінде бағалаған орынды. 1908 ж. революция Түркияның мәдениеті мен ағарту саласының дамуына жаңа серпін берді [7, 39].

Абдулхамит билігінің күйреуі елдің қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің дамуын тежеген кертартпа дәстүрлердің қысымынан азат етті. Содан да жастүріктер революциясынан кейінгі кезеңде түріктердің ұлттық санасының қалыптасу жолдары және түрік зиялыларының ұлттық идеяларының қалыптасуы мен демократиялық құндылықтардың орнығуындағы басты кезеңіне айналды. Осы кезеңде реформаларды іске асыруға қызмет ететін түрлі ғылыми қоғамдар мен ұйымдар құрылып, белсенді әрекет жасай бастады. Жаңа түрік әдебиеті мен көсемсөзі нығайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Д.Желтяков, Ю.А.Петросян. История просвещения в Турции (конец XVIII–начало XX века). Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. М., 1965.

2. Yücel, Türkiende Orta öğretim. İstanbul, 1938.

3. C.Bilsel, İstanbul üniversitesi tarihi. İstanbul, 1943.

4. Necmettin Alkan. Mutlakiyetten Meşrutiyete II Abdülhamid ve jön türkler 1889-1908.Istanbul 2009.I-baskı.-339. s.

5. Talat Paşa. Talaat Paşanın hatıraları, İstanbul, 1946.

6. Selahattin Çetiner. Çöküş yılları. II Abdülhamit, jön türkler, ittihat ve terakki. Remzi Kitabevi. Ankara, 2008.-318 s

7. Ittihat terakki ve jöntürkler. Kaynak yayınları. Birinci Basım: İstanbul, 2009.-147 s.

